

ӨЗІҢІЗДІ COVID-19 ИНФЕКЦИЯСЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ

ҚОЛҒАП КИҢІЗ:

- ✓ **ҮЙДЕН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ**
- ✓ **ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ**
- ✓ **ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА**

Бір рет қолданылатын қолғапты бір рет қолдануға болады! Металл қолғаптарын күнделікті жуу, келтіру және үлгітеу қажет!

БЕТПЕРДЕ КИҢІЗ:

- ✓ **ҮЙДЕН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ**
- ✓ **ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ**
- ✓ **ЖАБЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА**

Бір рет қолданылатын бетперделерді әр 2 сағат сайын ауыстыру ұсынылады! Бетперде мұрын мен некті толықтай жауып тұруы қажет!

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ТӘРБИЕЛЕП ЖҮРМІЗ?

9

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«СУЫР» АЙЫ БІТУГЕ ТАЯУ

24

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 20 шілдедегі мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 110 436

II компонентпен

1 090 175

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 20 шілдедегі мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **9 540 374** адам,
II компонентпен **9 322 766** адам
вакцина салдырды.
Ревакциналандығандар саны –
4 929 963

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.07.2022

Түнде:



+13+18 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+38 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7м/с

22.07.2022

Түнде:



+13+18 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+38 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №83 (6218) 21 шілде, бейсенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Қала әкімі жол инфрақұрылымы нысандарының құрылыс барысымен танысты



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай, Жетісу, Медеу аудандарына жұмыс сапары барысында жол инфрақұрылымы нысандарына арнайы барды.

2

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЖАЙҚАЛҒАН ЖАСЫЛ ЖАҒАЛАУ

Есентай өзенінің бойында жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда Есентай өзенінің жағалауын абаттандыру жұмыстарының аяқталуына байланысты БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры өтті.

4

ҚЫСҚА...

- ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының IV Консультативтік кездесуіне қатысу үшін Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласына барды.
- Қазақстанда электронды шот-фактуралар нысаны өзгереді.
- Елордада Ермек Серкебаевқа арналған мурал салынды.
- eGov mobile-да деректерді тіркеу жеңілдеді.
- Қалалық мәслихаттың құрамы өзгерді.
- Алматыда жасыл желектерге биологиялық өңдеу жұмыстары жүргізілуде.
- Денсаулық сақтау саласы жаңа электронды жүйеге көшеді.

www.almaty-akshamy.kz





YKIMET

ЕУРОПАМЕН ЕРКІН САУДА АЙНАЛЫМЫ АРТАДЫ

Қазақстан Еуроодақ елдерімен экономикалық
ынтымақтастықты нығайтуға ниетті



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайылов «Қазақстан-Еуроодақ» диалог платформасының отырысын өткізді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Шараға Еуропалық одақтың Қазақстандағы өкілдігінің басшысы, Германия, Франция, Испания, Литва, Польша, Бельгия, Швеция, Словакия, Эстония, Хорватия, Нидерланд, Болгария, Чехия, Латвия, Финляндия, Италия, Австрия, Грекия және Румынияның еліміздегі елшілері, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

Отырыс басында ҚР Премьер-Министрі Еуропалық Одақ көп жылдар бойы Қазақстанның негізгі саяси, сауда-экономикалық және инвестициялық серіктестерінің бірі екенін атап өтті.

Мәселен, Қазақстан мен ЕО елдері арасындағы тауар айналымы 2022 жылдың 6 айында \$20,1 млрд құрады. Бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 51,2%-ға көп.

1-тоқсанның қорытындысы бойынша жалпы шетелдік инвестициялардың елге келуі 54%-ға артып, \$6,8 млрд құрады. Бұл орайда тау-кен өндіру

өнеркәсібіне капитал тарту деңгейі 35,7%-ға өсіп, \$3,5 млрд құрады.

«Біз Еуроодақтың Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіне қызығушылық танытып отырғанын көріп отырмыз. Осы саладағы ынтымақтастықтың әлеуеті зор. Осыған байланысты Еуропалық Одақ елдерінің геологиялық қызметтерін цифрландыру, геология ғылымын дамыту және салалық инфрақұрылым саласында серіктес болуға шақырамыз», – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы саланы автоматтандыру аясында жер қойнауын пайдалану саласындағы барлық қолданыстағы ақпараттық жүйелерді біріктіру және интеграциялау арқылы Kaznedra бірыңғай платформасы құрылатынын атап өтті. Бұл платформа инвесторларға «бір терезе» режимінде кешенді сервистік қызмет көрсетуге ықпал ететін болады.

Сонымен қатар, Үкімет басшысы геологиялық барлау жұмыстарының дәстүрлі түрлерімен қатар, Қазақстанды геофизикалық зерттеулердің озық әдістері қызықтыратынын атап өтті.

«Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстанның Еуроодақ елдерімен экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту жөніндегі ниетінің нақты екенін тағы да растағым келеді», – деді Әлихан Смайылов.

Отырыс барысында қатысушылар пайдалы қазбаларды өндіру, жаңа технологияларды қолдану, геологиялық деректерді цифрландыру, инвестициялар тарту, өнеркәсіп қалдықтарын қайта өңдеу және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін талқылады.

ӘКІМ

ЖОЛДЫҢ САПАСЫ ЖАҚСАРАТЫН БОЛАДЫ

Қала әкімі жол инфрақұрылымы нысандарының құрылыс барысымен танысты

Олжас
МҰРАТБЕКҰЛЫ

(Басы 1-бетте)

Қаланы аралауға шыққан әкім ең алдымен Наурызбай ауданындағы «Тастыбұлақ» ықшамауданындағы жолдардың орташа жөндеу жұмыстарымен танысты. Онда ұзындығы 8,6 шақырымды құрайтын 6 көшеде жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Бүгінде Таутаған көшесі жөндеуден өтті. Қалған көшелер инженерлік коммуникациялардың құрылысы толық аяқталғаннан кейін жөнделеді. Осы тұста әкім туындаған сұрақтарға байланысты тиісті басқармалардың жауабын алды. Бүгінгі күні инженерлік коммуникациялар құрылысын жүргізетін мердігер компания келісім-шарт бойынша міндеттемелерін дұрыс орындамағандықтан, ықшамауданда жол жөндеу жұмыстары тоқтап қалған. Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті қазір бұл іске қатысты тергеу жүргізуде. Шаһар басшысы жоспарланған жұмысты уақытылы әрі сапалы аяқтау үшін жұмысты жалғастырудың қосымша жоспарын қарастыруға тапсырма берді.

Сондай-ақ, қала басшысы «Ақжар» шағынауданындағы жол құрылысы жүріп жатқан аймаққа барды. Мұнда жалпы ұзындығы 45,3 шақырымды құрайтын 89 көшеге жаңа жолдар салынауда. Бүгінгі таңда 2,5 шақырымды құрайтын 10 көшеге асфальт-бетон төселді. Жол жөндеу жұмыстарын 2023 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Әкім асфальт төсеу жұмыстарының сапасына қатысты ескертулер беріп, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына бақылауды күшейтуді тапсырды.



Қаланы аралау кезінде Алматы қаласының әкімі Төле би көшесін қала шекарасына дейін ұзартуға арналған жол құрылысы жұмыстарының барысын тексерді. Осыған орай мамандар жұмысқа дайындық жүргізіп, жұмысшыларды жұмылдыру шараларымен айналысуда. Бұл жұмыс 2023 жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарланып отыр. Ерболат Досаев қала тұрғындарынан түсіп жатқан өтініштерді ескере отырып, осы бағыттағы жұмыстарды күшейтіп, жыл соңына дейін «Алма сити» тұрғын үй кешеніне қатынауды қамтамасыз ету үшін Төле би көшесін Жүнісов көшесіне дейін ұзартуды тапсырды.

Жұмыс сапарының келесі нысаны – Жетісу ауданындағы Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшелерінің қиылысындағы көлік айналма жолы. Бұл нысанның құрылысы ұзаққа созылып кетті, мердігер жұмысты сапасыз атқаруда және өндірістік процестің жұмыс кестесі де бұзылған. Осыған байланысты әкім бір апта ішінде мердігерге шара қолдануды тапсырды. Бұл

жолайрықты уақытында пайдалануға беру солтүстік бағыттағы өткізу қабілеттілігін арттырып, Сейфуллин даңғылының бойындағы көлік қозғалысын 15–20 пайызға, Жансүгіров көшесінің бойындағы қозғалысты 10–15 пайызға арттыруы тиіс еді.

Сондай-ақ, әкім Медеу ауданында жолдардағы ойықтар мен жарықшақтардың пайда болуының алдын алу үшін полимерлі битум негізіндегі асфальт-бетон қоспасын тәжірибе жүзінде қолдану барысымен танысты. 2022 жылдың 16-17 шілдесінде Гоголь көшесінің үш учаскесіндегі автобус жолының солтүстік жағында осы жол-құрылыс материалын тәжірибелік пайдалану бойынша жұмыстар жүргізілген болатын. Мамандар бұл технологияның тиімділігі мен жабынның жай-күйін жыл бойы бақылап отыратын болады.

Қаланы аралау қорытындысы бойынша шаһар басшысы орындалған жұмыстардың сапасына бақылауды күшейтіп, жобаларды мерзімінде аяқтауды тапсырды.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыдағы 4 перзентхана мен
2 балалар стационарын
техникалық жарақтандыруға
2,8 млрд теңге
қаражат бөлінеді.



«Шаңырақ-1» және «Шапағат»
ықшамаудандарында
32 шақырым
жаңа жол салынады.



Жыл соңына дейін Алматыда
1460 орынды 17
балабақша ашылады.



Келесі жылдың соңына дейін
қалада самокаттарға арналған
3000
тұрақ орны жасалады.



Мегаполисте биыл түлектерді
83
колледж қабылдайды.



Есентай өзені жағалауын
абаттандыруға жергілікті
бюджеттен
5,5 млрд теңге
қаражат бөлінген.



РОТАЦИЯ

МӘСЛИХАТ ҚҰРАМЫ ӨЗГЕРДІ

20 шілдеде Алматы қалалық мәслихатының кезектен тыс XXIII сессиясы өтті. Сессия барысында Алматы қаласы Аумақтық сайлау комиссиясының қаулысы және Аманат пен «Қазақстан Халық партиясы» партиялары филиалдарының шешімдері негізінде және берілген өтініштерге сәйкес 11 депутатты алмастыру (ротация) жүргізілді.

Келесі депутаттарға жаңа мандаттар берілді:

1) Матыежанов Кенжехан Ісләмжанұлы – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымының докторы, Аманат партиясының мүшесі.

2) Тайтөлеев Төлеугали Мұхамеджанұлы – Алматы энергетика және электрондық технологиялар колледжінің директоры, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Аманат партиясының мүшесі.

3) Жандай Сана Шайханқызы – «Adanaz» ЖШС директоры, Аманат партиясының мүшесі.

4) Жұмабаев Бақытбек Әшімұлы – «Жан-М» ЖШС Бас директоры, Қазақстанның Көгалдағы хоккей федерациясының вице-президенті, Аманат партиясының мүшесі.



5) Қарағұлов Ерұлан Серікұлы – «Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі» КМҚК директоры, Аманат партиясының мүшесі.

6) Котенев Артур Эдуардович – «AlmatyEngineering» ЖШС директоры, Аманат партиясының мүшесі.

7) Шамова Арайлым Мәтжанқызы – «№201 мектеп-гимназия» КММ директоры, Аманат партиясының мүшесі.

8) Ерлан Диана Ерланқызы – Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің, Отбасы, әйелдер істері және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі Республикалық

кеңестің мүшесі, Аманат партиясының мүшесі.

9) Рамазан Бекбол Батыржанұлы – Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль жол академиясының проректоры, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Аманат партиясының мүшесі.

10) Сұлтанғалиев Тамерлан Мәлісұлы – «Қазақстан Халық партиясы» Алматы қалалық филиалының төрағасы, «Қазақстан Халық партиясы» партиясының мүшесі.

11) Мұхамедғалиев Талғат Аблайұлы – Тұтынушылар мен кәсіпкерлердің

құқықтарын қорғау одағы» РҚБ Алматы филиалының басшысы, «Қазақстан Халық партиясы» партиясының мүшесі.

Сапалық құрамы бойынша ғылым мен білім саласы өкілдерінің саны екі есе өсіп, 20%-ды құрады, БАҚ және ҰЕҰ – 21%-ға дейін өсті. Мәслихаттың жаңа депутаттары екі көпбалалы анамен толықты.

Партиялық тізімдер бойынша сайлау жүйесі алмастыруды көздейді. Бұл процедура әлемнің дамыған елдерінде іс жүзінде кеңінен қолданылады және меритократия мен партияшілік бірлік қағидаттарын іске асырудың жарқын мысалы болып табылады. Осы принциптер партиялардың резервтік тізімдеріндегі басқа мүшелеріне өздерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Алмастыру мандаттарды қайта бөлу және берілген өтініштерге сәйкес сегіз адамды партиялық резервке енгізу есебінен болды. Сондай-ақ, партиялар тарапынан өз құрамынан келесі мүшелерді шығарылды: Қ.Қ.Құдайберген Аманат партиясынан, А.Б.Абылқасымов Қазақстан Халық партиясынан және А.Т.Шапенов Қазақстан Халық партиясынан (өз қалауы бойынша).

Аманат партиясының қалалық филиалының партиялық резервінде 50-ге жуық адам, «Қазақстан Халық партиясы» қалалық филиалының партиялық тізімінде 10-нан астам партия мүшесі бар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



Үш жаңа бағыт іске қосылады

Метрополитеннің жаңа станцияларының іске қосылуына байланысты қаланың батыс бөлігіндегі маршрут желісін түзету жұмыстары аясында үш жаңа маршрут ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, қолданыстағы тоғыз маршрут сызбасына өзгерістер енгізіледі.

15 тамыздан бастап «Абай» ықшамауданынан Карьерная көшесі арқылы Момышұлы метро станциясына дейін жүретін №49 және «Асыл Арман» ықшамауданынан «Бесағаш» ықшамауданына дейін қатынайтын №100 маршруттарды ашу жоспарланған. Сонымен қатар, 30 тамыздан бастап «Кемертоған» ықшамауданынан Момышұлы метро станциясына дейін қатынайтын №53 маршрутты іске қосу жоспарда бар.

Қолданыстағы №137 маршрут екіге бөлінетін болады. Батыс бөлікте Наурызбай ауданының әкімшілік орталығынан «Адем» СО дейін қысқартылған №137 маршрут қалады. Ал шығыс бөлікте «Адем» СО мен «Қайрат» ықшамауданы аралығында №138 қатынайды. Маршрутты 15 тамыздан бастап бөлу жоспарланып отыр.

№55 маршрут метро станцияларына дейін жеткізуші ретінде ашылып, бастапқыда оны Момышұлы станциясына дейін

қысқарту жоспарланған болатын. Алайда, жолаушылар тарапынан сұраныстың жоғары екендігін ескере отырып, маршрутты Алтынсарин даңғылынан кері бұру туралы шешім қабылданды.

№110 маршрут 10 тамыздан бастап бір аялдамаға ұзартылып, Момышұлы метро станциясымен байланыстырылатын болады.

№212 маршрутты 15 тамыздан бастап қала орталығына дейін қысқарту жоспарланған. Енді маршрут Жандосов елдімекенінен Саин-Жандосов көшелері қиылысына дейін жүреді.

Сонымен қатар, 15 тамыздан бастап №78 маршрут Алматыға солтүстік батыс бөліктен кіретін қала маңы тұрғындары үшін Момышұлы метро станциясына жеткізетін маршрут болады. Ал №23 маршрут Алматы-2 темір жол вокзалына дейін қысқартылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ХҚКО

ҚЫЗМЕТТЕР ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛА ТҮСТІ



Динара
МУРАТ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының коммерциялық қызметтері, соның ішінде жер учаскелерін рәсімдеу бұрынғыдан да қолжетімді бола түсті.

Енді бұл қызметтер Қазақстандағы барлық ХҚКО-ларда көрсетілетін болады. Азаматтар өздерінің барлық өтінішін бақылау мен есепке алуды қамтамасыз ететін бэк-офис-термен тығыз байланыста болмауы жаңалық болып отыр. Кез келген клиент өз қалауы бойынша жеке менеджердің көмегіне жүгіне алады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы жерге орналастыру жобасын әзірлеуден бастап, жер учаскесіне акті дайындауға дейін құжаттарды рәсімдеудің толық циклін көрсетеді. Жерді рәсімдеу бойынша Алматы қаласында ең сұранысқа ие қызметтер – жер жобаларын жасау, жер учаскелерінің шекараларын белгілеу, жер учаскелерін көлденең және биіктікте түсіру, ауыл шаруашылығы жерлерін түгендеу, аэрофототүсірілім жұмыстары, жер-кадастрлық құжаттардың көшірмелерін беру және т.б. қызметтер», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалының директоры Абдурасул Кулдашов.

Бүгінде Қазақстанда жер кадастры бойынша коммерциялық қызметтерді 253 ХҚКО-дан алуға болады.



Алматы қаласында коммерциялық қызметтер төмендегі мекенжайларда орналасқан ХҚКО-ларда қолжетімді:

Алматы қаласы, Алатау ауданы «Нұркент» ш.а., 5 к16-19.

Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Бөгенбай батыр к-сі, 221.

Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жандосов к-сі, 51 А.

Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Алмагүл» ш.а., Қожанов к-сі, 9 А.

Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Серіков к-сі, 6 А.

Алматы қаласы, Медеу ауданы, Марков к-сі, 44.

Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» ш.а., 347/1.

Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Р.Зорге к-сі, 9.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЖАЙҚАЛҒАН ЖАСЫЛ ЖАҒАЛАУ

Есентай өзенінің бойында жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қала әкімдігінің қолдауымен өткен іс-шараны Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының мамандары ұйымдастырды.

Есентай өзенінің жағалауы бүгінде адам танымастай өзгерген. Жайқалған жасыл жағалауда алматылықтардың алаңсыз серуен құрып, демалуына қолайлы барлық жағдай жасалған.

Жан-жағы абаттанып, ашық алаңқайларына ағаш көшеттері отырғызылған жағалау қызылды-жасылды гүлдермен де көмкерілген. Қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында орнатылған ағаш қоршаулар мен тіреуіш қабырғалар да жағалауға өзінше сән беріп тұр. Спикерлердің айтуынша, негізгі жұмыстар аяқталғалы бері мұнда қала тұрғындары жиі келетін болған. Әсіресе, кешкі салқында самаладай жарқыраған шам жарығы астында демалушылар қатары көбейген.

Өзен жағалауындағы су бөлгіштен Жамақаев көшесіне дейінгі аралықта жаңа форматтағы қоғамдық кеңістік құру бойынша жұмыстар аяқталды. Айналасы жасыл желекпен көмкерілген жағалау ұзындығы 4,2 шақырым жаяу жүргіншілер жолымен жалғасып жатыр. Жолдың 1 шақырымы ағаштан жасалған, ал қалған 3,2 шақырымына асфальт төселген.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының бөлім жетекшісі Мұрат Жексенбаевтың айтуынша, Есентай өзенінің бойын абаттандыру жұмыстары 2020 жылы мамыр айында басталған. Құрылыс жұмыстары карантин кезіндегі шектеулерге байланысты тоқтағаны болмаса, жалпы процесте ешқандай кедергі болмаған. Бүгінде қоғамдық кеңістік мегаполис орталығында әсем табиғатпен үйлесім тапқан алматылықтардың ең сүйікті орнына айналып отыр.

– Абаттандыру жобасы табиғи ландшафты сақтай отырып, қалалықтардың жайлы демалысына жағдай жасауға бағытталған. Мұның негізінде заманға сай инфрақұрылымды табиғатқа барынша зиян келтірмейтіндей етіп жасау идеясы жатыр, – дейді басқарма өкілі.

Спикердің айтуынша, абаттандыру жұмыстары аясында ұзындығы 4,2 шақырым жаяу жүргіншілер жолы жасалған. 600-дей қылқан жапырақты және жапырақты ағаштар, 3500-ден астам бұта және шамамен 700 шаршы метр аумаққа көпжылдық және 100 шаршы метр аумаққа біржылдық өсімдіктер отырғызылған. Қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін жағалауға 339 жарықшам орнатылған. 8 ойын алаңы мен спорт алаңы, 4 табиғатты тамашалау алаңы мен пандустар, 4 пергола, 2 модульдік дәретхана, су жағасында 10 орындық бар, 130 қоқыс жәшігі және жағалау бойына 70 орындық қойылған.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

**Серік ӘДІЛБАЕВ,**

Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасы басшысының міндетін атқарушы

Табиғи жер бедері сақталған



Мұнда бұрын ескі, тозығы жеткен, істен шыққан су арнасы болатын. Оған күрделі жөндеу жүргізіп, қайта қалпына келтірген соң, іске қостық. Бүгінде осы сумен «Каменское плато» елдімекеніне қарасты шаруа қожалықтары бау-бақшаларын суарады. Биыл дәл осындай 15 су тоғандарын жасауды жоспарлап отырмыз. Мұнда ең алдымен, табиғи жер бедері сақталған. Егер су тасқыны немесе сел болса, қатты су ағыны өз жолында бәрін бұзып өтеді. Ал өзен арнасындағы бұрылыстар жоғары жылдамдықпен аққан суды тоқтата алады. Яғни бұл табиғи жолмен қалыптасатын құбылыс. Ал мұнда дәл осы бедер сақталып отыр. Бұл жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Экология және қоршаған орта басқармасының мәлімдеуінше, бұл жобаға жергілікті бюджеттен 5,5 миллиард теңге қаржы бөлініпті. Жағалауды абаттандыру жұмыстары толығымен жаздың соңына дейін аяқталады. Сала мамандары алдағы уақытта Есентай жағалауын абаттандыру Медеуге дейін созылатынын айтады. Осылайша әсем табиғатпен үйлесім тапқан жағалау алматылықтардың ең сүйікті орнына айналмақ. Бұл қала тұрғындары мен салауатты өмір салтын ұстанатын спортсүйер қауым үшін қаладан тауға дейін ыңғайлы жағдайда жаяу серуендеуге мүмкіндік береді.

Мұрат ЖЕКСЕНБАЕВ,

Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасының бөлім жетекшісі



Медеуге дейін баруға болады

Есентай өзенінің жағалауына жүргізілген жұмыстар оңай болған жоқ. Бұрындары бұл жердің барлығы жабайы табиғат болатын. Бүгінде жағалаудың адам жүретін бөлігінде демалушыларға барлық жағдай қарастырылған. Ал екінші бөлігі табиғи қалпында сақталып қалды. Абаттандыру жұмыстары бұған дейін әл-Фарабиден Жамақаев көшесіне дейін жүргізілген. Қазір Жамақаевтан мына субөлгішке дейін бітірдік. Ендігі кезең – су бөлгіштен Медеуге дейінгі аралықты жасау. Алдағы 5 жылда абаттандыру жұмыстарын Медеу шатқалына дейін жүргізу жоспарда бар. Таудан самал соғып, жасыл желегі жайқалып тұрған Есентай жағалауы әдемі келбетімен көптің сүйіспеншілігіне бөленіп келеді. Біз қуаныштымыз.

Гүлзада ҚАЛДЫБАЕВА,

«Гринланд» ЖШС-нің жетекшісі



Жасыл желекті күтіп-баптаймыз

Есентай өзенінің жағалауына қолайлы экологиялық жағдай жасау мақсатында көгалдандыру жұмыстарын біздің компания қолға алған. Мақсатымыз – қалаға эстетикалық келбет қалыптастыра отырып, жағалауды жасыл желекке бөлеу, тұрғындарға жайлы атмосфера сыйлау. Бұл жерде негізінен табиғатпен үйлесім тапқан ағаштар отырғызылған. 311 жапырақты ағаштың 45-і декоративтік «золотое превосходное», апорт, сиверс секілді алма ағаштары егілді. 149 қылқан жапырақты, 333 кустарниктер отырғызылды. 680 шаршы метр аумаққа біржылдық пен көпжылдық лаванда, шалфей, ромашка секілді гүлдерді ектік. Мұнда келесі жылы көктемде қазақстандық қызғалдақтар гүлдейді. Жалпы, жағалаудағы жасыл желектерді күтіп-баптау жұмыстарының барлығын өз жауапкершілігімізге алып отырмыз.





АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

Жолымыз жөнделді

Қала тұрғындары үшін күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі – жол мәселесі. Бүгінде тұрғындардың өтініш, талап-тілектері негізінде орындалып жатқан шаруалар баршылық. Мәселен, Алмалы ауданының тұрғындары өздері жүретін жолдарға жөндеу жұмыстары басталғанына дән риза. Тұрғындар атынан редакциямызға хабарласқан алматылық Ләйла Ахметованың айтуынша, бүгінде Шағабутдинов көшесіндегі жолдар мен тротуарларға жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. «Бұған дейін Қабанбай батыр көшесінен Шевченкоға дейін жасалған болатын. Одан соң Құрманғазыға дейінгі жолдар жөнделді. Енді Құрманғазыдан Абай даңғылына дейінгі аралықта құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Алматының сәні көшесіне де байланысты екен ғой. Жолымыз жасалып еді, көңіл-күйіміз де көтеріліп сала берді. Әдемі, тіпті. Біз 30 жылдан астам уақыт бойы жасау-жасау асфальтты ғана көргенбіз. Сондықтан болар, маған көшеміздің қазіргі келбеті ерекше ұнады. Алмалы ауданының әкімдігі мен мердігер компанияның жұмысшыларына алғыс айтамыз!», – дейді ол қуанышын жасыра алмай.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



«Үш автобусты сыймай қалдым»

Алматы үлкен мегаполис болғандықтан, қоғамдық көлікте адамдардың толы болуы заңдылық. Алайда, кейбір бағыттарда автобустардың жетіспеушілігі басым сезіледі. Қала тұрғындары біраз уақыттан бері Алтын Орда мен Қалқаман жақтан Абай көшесімен жүретін бір ғана қоғамдық көлік жүретініне шағымданып жүр. Адамдар жұмысқа шығатын таңғы 8.00-10.00 арасында және көпшілік үйлеріне қайтатын кешкі 17.00-19.00 арасында Қалқаман автобусына адам көптігінен міне алмай қалатынын айтады.

– Қалқаманнан Абай даңғылының бойымен жүретін бір ғана автобус бар, ол – 118. Бұл автобустардың өздеріне шағым жоқ.

118 маршрутқа жаңа көліктер берілген және олар жиі жүреді. Алайда, осы Қалқаманнан қала ортасына Абай бойымен қатынайтын жалғыз қоғамдық көлік болғандықтан, қанша жиі жүрсе де, адамдар сыймай қалады. Алматыға жұмысқа келген жақын ауылдардағы тұрғындардың бәрі осы автобусты мінеді. Сосын сыймағанын қайтсін? Осы мәселені айтып жүргеніме біраз болды. 2025 жылы осы жаққа метро келеді дейді. Оған дейін сонда күнделікті таксимен жүреміз бе? Күнделікті кемінде 2-3 автобусты сыймай қаламын. Қала әкімшілігі осы мәселеге назар аударса, – дейді алматылық студент.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

«Қоқыстан қашан арыламыз?»



«Тазалық – табалдырықтан басталады» деген ұғымды әкеміз бен анамыз қаршадайымыздан санамызға сіңіріп өсірді. Бұл біздің отбасымыз үшін ғана емес, Отан алдындағы азаматтық міндеттің ажырамас бөлігі екенін бәріміз жақсы білеміз. Баяғыда әжесіміз «Лас жер – жын-шайтанның мекені. Отырған, жүрген жерлеріңді таза ұстаңдар. Айналаңа қоқыс тастама» деп жиі айтатын. Қазір ондай ақыл айтып, жастарға үлгі көрсететін адам бар ма? Әйтпесе, көшеңде мынадай болып қоқыс жатпаса еді?! Спасская мен Воровский көшелерінің маңында «Беркут» деген дүкен бар. Дүкеннің жанында мынадай құраған ағаштар мен тұрмыстық қалдықтар жиналған қоқыс үйінділері жатыр. Бұл қоқысты не тазалықшылар, не тұрғындар жинамайды. Қоқыстан қашан арыламыз?», – дейді Наташа Бунина есімді желі қолданушы.

Тұрғынның шағымына Әуезов ауданы әкімдігінің қызметкерлері дереу жауап беріп, қоқыс аумағының қандай мекенжайда екенін сұрап жатты. Демек, тұрғындардың үні халыққа жетіп жатыр. Тазалық жұмыстары бір-екі күнде қолға алынып, аймақ толық тазартылады.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Қалаға «сән» беріп тұр

«Желтоқсан көшесінен Сейфуллин көшесінің аралығына дейінгі Мақатаев көшесінің бойы (төменгі бөлігі) осындай көріністерімен көңіл құлазытады. Арық желілерінің іші мен айналасында орналасқан шағын қоқыс жәшіктері аузы-мұрнынан шығып, маңайына шашылып жатыр. Көзіміз де, етіміз де үйреніп кеткені соншалық, бұл көрініске ешкім мән беріп қарап та жатқан жоқ», – дейді біздің белсенді желі қолданушымыз Анна Кара.

Айтуларынша, Қонаев пен Пушкин көшесі аралығында бірде-бір қоқыс жәшігі жоқ екен.

Тұрғындар шағымын Алмалы ауданы әкімінің қызметкерлері ескеріп, алдағы күндері аталған аймақтар ретке келтіріледі деп сенеміз.



ЖЕТІСУ АУДАНЫ

Электр сымдары ашық қалған

– «Құлагер» ықшамауданындағы №148 мектеп гимназияның қасында Арбат секілді шағын қоғамдық кеңістік бар. Онда кешкісін сол аумақта тұратын тұрғындар серуендеуге шығады. Мен де күнде кешкісін балаларымды ойнатуға барамын. Бірақ мынадай ашық тұрған электр сымдарын көрсенде бойымды үрей билейді. Өйткені, жарық шамдардың бағанасындағы токтар ашық тұр. Бала үшін бәрі қызық. Олар кез келген бейтаныс затты көруге құмар келеді. Абайсызда, мына қызылды-жасылды сымдарды ұстап алса, қайтеміз?! Бұл

жердегі қауіпсіздік жұмыстарына кім жауапты? Аймақты кімдер бақылауға алуы керек? – дейді құлагерлік тұрғын Гүлім Бағдатқызы.

Тұрғынның шағымына «Алматы Қала Жарық» МКК былай деп жауап берді: «Сіз көрсеткен мекенжайға Жетісу ауданының әкімдігінің тапсырысымен жарық шамдары орнатылған. Сыртқы жарықтандыру жабдығы теңгерімге берілмеген және оған кәсіпорын қызмет көрсетпейді. Осыған байланысты барлық сұрақтар бойынша жергілікті әкімдікке хабарласуыңыз керек».



P.S. Құрметті оқырман, егер сізді Алматының тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер толғандыратын болса, газетіміздің Facebook, Instargram әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына жазылыңыз. Оған мүмкіндік болмаса, редакциямызға 232-36-54 телефон нөмірі арқылы хабарласуыңызға болады.



СҰХБАТ

ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ
БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Жуырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет жиынында алдағы атқарылар істерге бағыт-бағдар берді. Сонымен қатар, елдің табыс көзін арттыру, инфляция, цифрландыру, т.б. біршама мәселелерге тоқталды. Сонымен қатар, Қазақстанның экономикасының ілгерілу тетігін айқындады. Осыған орай, экономика ғылымының кандидаты, қаржы сарапшысы Сапарбай ЖҰБАЕВПЕН сұхбаттасқан едік.



– Ел Президенті жуырдағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Үкіметке нақты тапсырмалар жүктеді. Қаржылық сарапшы ретінде ойыңызды білдірсеңіз?

– Мемлекет басшысы үкіметтің кеңейтілген отырысында атқамінерлерге бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді. Бұл жиында бүгінге дейін қордаланған инфляция, бағаның өсуі, қаржылық жағдай турасында біршама дәйекті ойлар қозғалды. Соның ішінде азық-түлік, ет, әсіресе, қанттың жайы айтылды. Сонымен қатар, халықтың әл-ауқатына қатысты сын-пікірлер келтірілді. Әрине, бұдан басқа цифрландыру, білім, ғылым, денсаулық саласында қордаланған мәселелер бар.

Еліміздің эконимкалық дамуы соңғы 2-3 жылда басқаша бағытта жүруде. Оған пандемия, геосаяси ахуалдың әсер ету жағдайын есепке алыңыз. Жуырдағы үкімет отырысында осы келтірілген мәселелер пысықталды. Алдағы уақытта атқарылар істерге бағыт-бағдар берілді. Өздеріңізге мәлім, бағаның тұрақсыздығы және оған селсоқ қарау қантардағы дүрбелеңге алып келді. Қымбатшылық қай заманда болмасын халыққа оңай тимеген. Дегенмен, оңай тимеген деп қарап отыруға қақымыз жоқ. Сол себепті де, жаңа бағыт, жаңа жолға түсуіміз керек.

– Ел экономикасын әртараптандыру үшін қайтпек керек?

– Біз үш нәрсені қаперімізден шығармауымыз қажет. Біріншісі – мемлекеттік меншіктер, компаниялар мен корпорациялардың көбеюі. Бәрін мемлекеттік санаймыз да, сапаны ұмытамыз. Мұндай өрескелдікке бармаған жөн. Экономикадағы ЖІӨ 55–60%-ын беретін мемлекеттік меншік жекешелену керек. Шамамен 10–15%-ға түссе, онда парақорлық азаяды. Екінші, жерді шаруаларға ыңғайлы етіп беруіміз

қажет. Бір ғана латифундистер еленгені дұрыс емес. Оны да қарапайым халық егін егіп, мал ұстап, т.б. бағытта игергені абзал. Феодалдық қатынастан ірге бөлген жөн. Үшінші, ауыл әкімдерін сайлайтын жаңа жүйе пайда болды. Бұл ашықтыққа қарай бетбұрыс деп білеміз. Жалпы барлық сайлау түрлеріне халық қатысса, әділдік орнайтынына сенеміз. Егер осы айтқан ашықтық, жариялылыққа бара алсақ, қоғам тағайындау мен сайлаудың аражігін ажыратып, жарқын болашаққа қадам басар едік. Мәселен, жылдық табыс шамамен алғанда 18 триллион дейік. Соның 10-11 триллионы салықтан түседі. Ал үстіндегі 6 триллионын Ұлттық қордан алып отырмыз. 2-3 триллионды облигациямен шығарудамыз. Былай алып қарағанда 40–45% қазынаға түсетін қаражат жерасты қазба байлығынан келуде. Мемлекет басшысының ойы Ұлттық қордағы жиналған қаражатқа тимей, экономиканың жаңа тетіктерін қалыптастыруды айтып келеді. Дәлірек айтқанда, шығынға емес, профитке жұмыс істеуіміз қажет. Сонда бюджет табысы еселенеді. Сонымен бірге, шикізатқа, қазба байлыққа тәуелділіктен арыламыз. Бұл жолда еліміздің мүмкіншілігі жоғары. Ең бастысы, өз Отанымызға шын жанымыз ашып жұмыс істеуіміз шарт. Сол кезде дамудың даңғыл жолына түсеміз.

– Дүниежүзілік аренада қаржылық ахуалымыз қаншалықты қуатты?

– Ө дегеннен деп басып айту қиын. Халқымызда «біреуден ілгері, біреуден кейін» деп жатады. Өте астарлы һәм бүгінгі таңға дәл келіп тұрған сөз дер едім. Мысал үшін көрші Ресейді айтайық. Олар соңғы 5-6 жылда профитке қарай көш түзеді. Яғни шығынды бәсеңдетіп, табысты үдетті. Соның нәтижесінде 640 миллиардтан астам доллар қаражатты Ұлттық

қорларына жинады. Оның үстіне рубль құны біздікімен салыстырғанда нығайып барады. Әрине, қазіргі таңдағы геосаяси жағдай да өз әсерін беріп тұр. Дегенмен, экономикасы шыдап бағуда. Шынын айту қажет, біз Ұлттық қордағы қаржыны жұмсаудамыз.

Дүние жүзінің алдында Қазақ мемлекеттінің экономикасын қуатты етудің тетіктерін жоғарыда айттық. Ең негізгісі жемқорлыққа тыйым салу бәрінен маңызды. Бұл дегеніміз – тесік шелекке су жинағанмен тең. Қанша жерден қамбамызды қампайтқанмен, қоймаға қол салына берсе, одан ештеңе ұтпаймыз. Сондықтан күйремеудің нағыз жолы, ол – ашық экономика жасау. Самұрық қазына активтері, акциялары мемлекеттік болмау керек. Ол жекеменшікке өтсе, сең қозғалады. Ал дәл осы күйінде қалса, жаңадан келген басшы жаны ашымай, баяғы жартас сол күйінде қалып кете беретіні анық.

– Өзіңіз мысал еткен жемқорлықты жоюдың жолы бар ма?

– Әрине, бар. Түп тамырымен бір сәтте жоя алмасақ та, тежеуге болады. Параның салдары оңай емес. Сонау Орал қаласындағы цемент зауытын айтайық. Қаншама қаражат кетті. Әлі бір қап цемент шығармадық. Петропавлдағы биоотын зауыты, LRT жыры айтпаса да түсінікті. Осының барлығы жемқорлықтың жемісі болып табылады. Әрбір өңірде мұндай мысалдарды көп келтіруге болады. Ең үлкені Шымкенттегі жеңіл өнеркәсіп кластеріне айналады деп сенген зауыт еді. Оның да жырын тындыра алмай келеміз.

Егер дереу жемқорлықтың алдын алып, тығырыққа түспеу жолын іздесек қилы кезеңдерден сүрінбей өтеміз. Ол үшін жақсылыққа бастайтын адал ниетте болған абзал.

– Баға тұрақтылығын қалай орнатамыз?

– Иә, өте өзекті мәселе. Оның да шешімі бар. Жалпы өмірде кез келген істің түйіні шешілері ақиқат. Елімізде мұғалімдердің, университет оқытушыларының табысын әр жылдары 25%-ға арттырудамыз. Осы санатта дәрігерлер де бар. Бірақ инфляция дес бермеуде. Мұның себебі, геосаяси жағдай, жаһандық қаржылық дағдарыс, өзімізге кіретін импорттың көп болуымен де байланыстыра аламыз. Өзімізді-өзіміз азық-түлікпен қамтамасыз ететін жағдайымыз бар. Ол үшін осы бағытта мамандар пікіріне сүйенген абзал. Әйтпесе, ет, сүт өнімдері бойынша Беларусь, Ресейге тәуелді болып қала береміз. Бұған жол бермеудің бірде-бір жолы, ол – өз өнімдеріміздің сапасына көңіл бөліп шағын және орта кәсіпке серпін бергеніміз дұрыс. Біздің ғалымдардың жетістіктерін айта кеткеніміз жөн. Соңғы 4-5 жылда етті, өсімдік майын экспорттайтын елге айналдық. Ал бидай, күрішті бұрын да сыртқа сатып, табыс түсіріп жүрдік. Бастысы, осы қарқынды еселей түсейік. Біз шикізатты сататын емес, өндірушіден өңдеуші терминін қалыптастырсақ, табыс дегеніміз көл-көсір болмақ. Баға өспейді деп кесіп айта алмаймыз. Дегенмен, инфляцияны тізгіндеп отыру қажет. Жүгенсіз жіберуге болмайды.

Еркін бәсекелестік қалыптастыруға болады. Мәселен, мемлекет әлеуметтік нан бағасын белгілей алады. Ал басқа түрдегі нанға шектеу қоймайық. Себебі, әлеуметтік нан бағасы арзан болғандықтан, әртүрлі пішінде пісірілген нандар аса қымбат бола алмайды. Өйткені, тұтынушылар қымбатқа жүгірмесі анық. Міне, байқап отырғандарыңыздай, қарапайым қағидалар арқылы түрлі соқпақтан шығып кетуге болады. Әлгінде айтқанымдай әр істе әділеттілік, ашықтық, соның арасында Отанға деген патриотизм жүрегімізде сарнап тұрса, қалған жақсылықтар өзі келеріне сенеміз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері

АЙТЫЛҒАН
ӘНГІМЕ АЯҚСЫЗ
ҚАЛМАСЫН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысын зор тебіреніспен тыңдадым. Ел Президентінің нақты мысалдармен келтірген мәселелері де көптің ойынан шығады деп ойлаймын. Еліміздің дамуымен қатар, әлі күнге дейін қордаланып қалған мәселелердің барына, тіпті жауапты салалардың осы уақытқа дейін жауапсыздық танытып келгеніне ішім ашыды. Жалпы, адам капиталын дамытуда білім саласының алар орны ерекше екені белгілі. Мәселен, таяуда ғана Білім мен ғылым өз алдына министрлік болып екіге бөлінді. Өте ауқымды саланы бірден қамтудың қиын екенін ескерсек, қоғам бұл қадамды қызу қолдағаны рас. Сондықтан бұдан былай бұл саланың мәселелері де кезең-кезеңімен шешілетініне сенім мол.

Мемлекет басшысы білім жүйесіндегі жүгенсіздіктерді де сынға алды. Рас, соңғы жылдары мектеп оқушылары арасында зорлық-зомбылық атаулының жиі бой көрсетіп жатқаны бүкіл қоғамды алаңдатып отыр. Осы ретте мемлекет тарапынан мектеп қауіпсіздігі үшін бейнебақылаулар жүйесі қолға алынған еді. Дегенмен, осы жүйенің өзін жүйелі пайдалана алмай жатқанымыз әлі де жауапсыздықтың орын алғанын көрсетеді емес пе? Мемлекет басшысының білім саласына қатысты тағы бір көтерген мәселесі – жекеменшік балабақшаларға қатысты айтылды. Бұл мәселе төңірегінде де айтылып жатқан сын көп. Қазір қолында қаржысы барлар жекеменшік балабақша мен мектеп ашатын болып алды емес пе? Сосын қандай да бір орынсыз жағдайлар кездесе қалса, жауапкершіліктен жалтарып шыға келеді. Баланы пайда табу көзіне айналдырмауымыз керек. Күнделікті жаңалықтардан жағымсыз жағдайларды көргенде, менің де жаным ауырады. Қандай білім мекемесі болса да, мемлекеттің саясатын ұстанып, білім заңына бағынуға тиіс. Ел Президенті қосымша білім туралы да жақсы ой айтты. Мектепте білім берілсе, қосымша білім мекемелері оны терең дамыта түсуі керек. Баланың тәрбиесі мен білімін барынша дамытып, қабілетін аша түсуде барлық білім саласы жауапты болуы керек.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОРҒА СҰРАҚ КӨП

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ»: АЛДАУ МА, ӘЛДЕ АРБАУ МА?

Байланыс нарығында міндеттемелеріне салғырт қарайтын оператордың күдікті айла-тәсілдері толастамай тұр...

(«Almaty aqshamy», №73-74 (6209), 28 маусым, 2022 жыл)

«Қазақтелеком» АҚ өкілдері өздеріне қатысты «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінде жарияланған мақалаларды назардан тыс қалдырмапты. Естеріңізде болса, бұл мақалаларда 8 мегабит жылдамдықтағы интернет байланыс қызметі біздің басылымдарға орынсыз қымбат бағамен берілгендігі айтылған.

Дегенмен, Ұлттық оператор біз күткендей өз қателіктерін мойындамады. Оның орнына «Alatau Aqparat» ЖШС-нің үстінен сотқа талап арыз жазып, бұл мақалаларда көрсетілген мәліметтерді теріске шығаруды талап етіп отыр. Біздің компанияға сотқа дейінгі хабарлама келіп түсті. Онда Ұлттық байланыс операторының бізден бас тартуды талап еткен тезистері көрсетілген.

Бізге келген хабарламаның бірінші тармағында «Қазақтелеком алаяқ деп жалған ақпарат таратылды» деп көрсетілген. Сондай-ақ, сотқа дейінгі хабарламада ҚР Қылмыстық кодексі тұрғысынан алаяқтық деген не екені туралы түсініктеме берілген. Алайда, осы тұста біздің Ұлттық операторды өз мақаламызда алаяқ деп айтпағанымызды түсіну керек. Біз тек қана «Қазақтелеком»-ның іс-әрекеттері әділетсіз қитұрқы схемаларға ұқсайды деп болжам жасадық.

Сондай-ақ, Ұлттық байланыс операторы бізге көрсетілген қызметтің құны 480 мың теңге болғанын жоққа шығаруды талап еткен. Хабарламадан үзінді келтірейік: «Бұл ақпарат шындыққа сәйкес келмейді, өйткені қызмет-



терді ай сайынғы пакеттік қосу сомасы мен ҚҚС-ны (қосылған құн салығын) қоса алғанда 223 500 теңге мөлшеріндегі соманы құраған. Оған қоса бұл сомаға «8» нөмірі арқылы жасалған ай сайынғы халықаралық қоңыраулар және 18 қалалық стационарлық нөмір үшін абоненттік төлем есептелген. Қызмет құнының жалпы сомасы 332 500 теңгеден аспайды».

Ұлттық байланыс операторы бұл хабарлама арқылы «нағыз жомарттық» көрсетіп отыр – біз көрсеткен сомадан 150 мыңға арзан, алайда өте баяу интернет байланыс үшін әлі де тым сорақы баға.

«Сегіз» нөмірі арқылы жасалатын халық-

аралық қоңырауларға ерекше тоқталғанымыз жөн. Байланыс операторы ауысқан соңғы екі жарым жыл ішінде біздің редакциямыздан мұндай небәрі бір қоңырау шалынған. Бұған дейін біздің ұйымға жазылған телефон нөмірлерінен (естеріңізге сала кетейік, олардың саны үш жүзден астам) қалааралық қоңырауды кім пайдаланғаны түсініксіз. Бұл – «Қазақтелекомға» қойылатын бөлек сұрақ.

Хабарламаның келесі тармағында Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты «жазбаша дәлелдерді негізге ала отырып, заңды шешім шығарды» деп мәлімдейді. Сонымен қатар,

«Қазақтелеком» АҚ өкілдері бұл ретте өздерінің «Alatau Aqparat» ЖШС пайдасына қайта есептеу туралы уәделері бар хаттарының сотқа қаралмау себебі олар қате деп танылып, кері қайтарылуында екенін айтады. «Қателік соманы қайта есептеуді жүргізген Қоғам қызметкерінің кінәсінен болды («Қазақтелеком»). – Ескерт. ред.». Яғни сотқа дейінгі хабарламаның өзінен біз Ұлттық оператор қызметкерлерінің қайта есептеумен айналысып, тіпті «Alatau Aqparat» ЖШС-на хат жазғанын (қате деп танылса да) мойындайтынын көре аламыз. Дегенмен, біздің ұйымға ешқандай ақша қайтқан емес.

ҚазТАГ ұжымы біздің мақалаларды өз оқырмандарымен бөліскендіктен сотқа дейінгі хабарламаның көшірмесін алды. Айтылған ұйымдағы әріптестеріміз осы хабарламаның бір қызық тұсын байқаған. Сотқа дейінгі хабарламаға бұрын сыбайлас жемқорлық бойынша өз қылмысын мойындаған «Қазақтелеком» АҚ стратегиялық басқару жөніндегі бас директоры – Басқарма мүшесі Батыр Маханбетәжиев қол қойған.

Агенттік «Қазақтелекомның» басты менеджерлерінің бірі болған Батыр Маханбетәжиевтің 2016 жылы Қазақстан Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің бұрынғы төрағасы Болат Кальянбеков тарапынан сыбайлас жемқорлық туралы іс бойынша ұсталғанын жазады. Сол уақытта комитеттің бұрынғы басшылары Болат Берсебаев, Бек Арпабаев, Талғат Қазанғап, Жанболат Байбосынов та ұсталды. Барлық аталған тұлғалар, соның ішінде Маханбетәжиев те өз кінәсін мойындаған.

Осыған байланысты ҚазТАГ өкілдері Ұлттық байланыс операторының баспасөз хатшысына «неге сыбайлас жемқорлық бойынша қылмысын мойындаған азамат Ұлттық компанияда жоғары қызмет атқарады?» деген сұрақ жолдады. Жауап әлі алынған жоқ...

Біз де осы сұраққа қосыламыз.

САРАПТАМА

ЫРЫС ҚАШСА ДА, КІРІС ҚОЙМАЙДЫ

Қымбатшылық қарқынын экономикалық өсім тежейді

Үкіметтің өткен аптадағы кеңейтілген отырысының негізгі түйіні осыған саяды. Жасыратыны жоқ, бұрын таусылмастай көрінетін қанттың да қадірін енді білдік. Қазіргі ең қат тауар түрі де осы қант. Бүгінгі қазақ танысымен кездесе қалса, алдымен «Қалың қалай?» дегеннен бұрын «Үйінде қанттың бар ма?» деп сұрайтын жағдайға жетті.

Жаз – тосапты маусым. Ол үшін жидектен бұрын алдымен қант қажет. Орыстар «земляника», қазақ «жидек» деп атайтын қайыңды орманның жеңсік жемісі бар солтүстікте. Жидек тосабының бір литрінің 6-7 мыңға сатылып жатқанын көріп қайттық. Қымбатшылықтың басты себебі – қанттың тапшылығында.

Өткен аптада Қызылордада қанттың бір килосын 1 мың теңгеге саудалап жатыр деген ақпараттар тағы бар. Маскара! Кәдімгі желкенді жеті рет қасып ойланатындай жағдай енді.

Жалпы, азық-түлік бағасы күн өткен сайын кері сальдо көрсетуде. Бәріне инфляция кінәлі, дейді мамандар. Ал инфляцияңыз материалдық емес, абстракциялы ұғым. Даму қарқыны да сондай. Әлбетте, тізгіндеп ұстау оңай емес.

Қазір инфляция деңгейі 14,5 пайызға жетті. Әрі оның негізгі себебі орташа есеппен 19,2 пайызға қымбаттаған азық-түлік бағасына байланысты. Бүгінгі таңдағы жұртты алаңдатып отырған басты сауал да соның төңірегінде. Ал бұл орайда үкімет не бітіріп, не тындырып жатыр екен?

Қазір бағаны тұрақтандыру үшін қаржы-несие саясатына байланысты шаралар қабылданауда. Жыл басынан бері базалық ставка 14 пайызға дейін көтерілді. Тоқтаусыз инфляциялық қысым жағдайында ол өте қажетті шара. Басқаша жағдайда баға көтерілетіні күмәнсіз.

Бүгінгі таңдағы инфляцияның жағдайы осындай. Қаржыны жүйелеу қызметінің деректері бойынша инфляция 2023 жылға дейін төмендемейді деген болжамдар айтылууда.

Тағы да бір елеулі фактор мынау: қазір әлемді ықтимал аштық қаупі күтуде деген дабыл қағылууда. Әрі ол Біріккен Ұлттар Ұйымы деңгейінен де сан мәрте айтылды.

Обалы қанша, қазақ үкіметі бұл мәселені осыдан екі жыл бұрын көтерді. Қасым-Жомарт Тоқаев дәл осы қатерге байланысты көтермелі орталықтары бар тауар айналымының ұлттық жүйесін іске қосу туралы пәрмен берген болатын.

Өкінішке орай, Президенттің бұл тапсырмасы күні бүгінге дейін орындалған жоқ. Оны да жасырып қалуға болмайды.

Қымбатшылық жалғыз біздегі емес, бүкіл әлемдік деңгейдегі дағдарыс. Әр ел одан шығу үшін өзінше әрекет жасап жатыр. Ал Қазақстандағы бүгінгі экономикалық жағдай қандай екен? Бұл орайда қазақ үкіметі жүргізіп жатқан сауапты шараларды айтпай кетуге әсте болмайды. Барлық нормативтік-құқықтық актілерге тексерістер жүргізу жолымен актуальды емес жүйелеу талаптарын ауқымды қысқарту шаралары жүргізілді.



Соның арқасында бизнеске түсетін ауыртпалықты орташа есеппен 3 пайызға төмендетудің сәті түсті.

Аймақтағы басқа елдер туындаған дағдарыстан не істерін білмей далбасалап жатқанда, біздегі Ішкі Жалпы Өнім 3,4 пайызға, тауарлар өндірісі 4,1 пайызға артты.

Сондай-ақ, азаматтардың кірісі, ең төменгі жалақы көлемі, зейнетақы мен жәрдемақы өсті. Оған қоса жаңа мектептер, балабақшалар, ауылдарда ауруханалар салынып, оқу орындарына берілетін гранттар саны арттырылды. Бизнес адамдарына ыңғайлы жағдай жасалууда.

Бұған дейін ең жоғарғы деңгейдегі шенеуніктерге бәлендей сын айтылмағаны да өтірік емес. Алайда, Үкіметтің соңғы кеңейтілген отырысында қанттың қымбаттауына байланысты Сауда және интеграция министрі мен Ауыл шаруашылығы министрі сөгіс алды. Осының өзі биліктің сәйкес реформаларды жүргізуге шындап кіріскенін көрсетеді.

Дәл осы орайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ауыл шаруашылығы министрлігіне қойған қатаң талабын да айта кетуге тиістіміз. Мемлекет басшысының пікірінше, қазіргі әлемде азық-түлік тапшылығы байқалып қалған жағдайда біздің еліміз тамақ өндірісін дамытудың орнына біршама қысқартып алған көрінеді.

Атап айтқанда, сары май өндірісі 12 пайызға, сүт өндірісі 7,5, қант 5,6, ірімшік өндірісі 3 пайызға кеміген. Өрине, ішкі өнім мөлшері кеміген жағдайда импорт артпақ. Бұл көрсеткіш бүгінгі таңда 12 пайызға артып отыр. Әсіресе, сырттан сүт тасымалдау ұлғая түскен. Бүгінгі таңдағы оның мөлшері 17 пайызға дейін жеткен.

Бір сөзбен айтқанда, Үкіметтің соңғы кеңейтілген отырысында көтерілген мәселелер осындай жайттарды ашып беріп отыр. Оның негізі «ырыс қашса да, кіріс қоймайды» деген данышпан қағидаға саяды.

Өмірзақ МҰҚАЙ.



ЖЕКЕ МЕКТЕП

БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ
АРТТЫРАДЫ

Соңғы жылдары біздің елімізде орта білім мекемелерімен қатар, жекеменшік мектептердің де саны арта түсуде. Тиісті сала мамандарының айтуынша, маңдай қадам ең алдымен бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Бүгінгі таңда орта білім беру саласындағы маңызды міндеттердің бірі – жүктемесі жоғары мемлекеттік мектептердегі ауыртпалықты сәл де болса азайту. Осыған орай, білім беру сапасын арттырып, мектептер арасындағы бәсекелестікті дамыту үшін 2018 жылдан бастап жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мүмкіндігі заңды түрде бекітілген еді. Қаржыландыру әдістемесінде жекеменшік мектептер үшін жан басына шаққандағы норматив айқындалған.

Еліміз бойынша 2019–2021 жылдары 287 жекеменшік мектеп (94 696 орынды) ашылып, жекеменшік мектептердің жалпы саны 408-ге жетіп отыр. Қазіргі таңда жекеменшік мектептер ашуда Түркістан облысы (56), Шымкент қаласы (52), Алматы қаласы (41), Нұр-Сұлтан қаласы (29), Жамбыл облысы (30), Алматы облысы (17), Қызылорда облысы (16), Маңғыстау облысы (14) және Ақтөбе облысы (8) алда келеді.

ЖАЗ МАУСЫМЫ



ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

Тоғыз ай бойы білім қуған мектеп оқушылары үшін жазғы демалыстың жөні тіпті бөлек. Ең бастысы – жазғы демалыс мектеп оқушыларының денсаулығы үшін өте маңызды.

Өйткені, жас ағза бір мезгіл тыныстап, демалуы керек. Оның үстіне қазіргі кездегі мөлшерден тыс жүктемесі бар оқу бағдарламаларын игеру де оңай емес. Сондықтан мамандардың пікірінше, бала ағзасы кезең-кезеңмен демалып отыруы керек. Әсіресе, жазғы демалыс кезінде жазғы ауа, күннің көзі мен су барынша пайдалы. Осы мезгілде бала-

лар ағзасы күшті иммунитетке ие болуы үшін күн сайын таза ауада серуендеп, көкөністер мен жемістер жеп, жеткілікті мөлшерде ұйықтаулары керек. Бұл, ең алдымен, жазғы демалыста олардың күн режимін қалыптастыру кезінде есте сақтайтын басты шарты.

Дегенмен, қазіргі «компьютерлік» өмір салтын ұстанған балалар өз денсаулықтарына көңіл бөле бермейді. Түнімен ұялы телефонға шұқшиған балалардың күндізгі уақыты ұйқыға кетеді. Өкініштісі, жазғы демалыс оларды салауатты өмір салтына дағдыландыру үшін берілетін тамаша уақыт екеніне көңіл бөлмейді. Бұл ретте отбасылық демалыс түрін қалыптастыру үшін балаңызға өзіңіз мысал бола білгеніңіз жөн. Отбасыңызбен спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстаныңыз!

Қазіргі таңда айналаңызда спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған. Ашық су айдындарында жүзу, орман-сайбақ аймағында жеңіл жүгіру, веложарыс, көшедегі спорттық жабдықтармен айналысу сияқты жазғы физикалық белсенділіктің көптеген нұсқалары бар. Осылайша «компьютерлік» баланың сәл де болса табиғатпен жақындастырып, достастырыңыз. Дене шынықтырумен айналысу баланың денсаулығын нығайтып қана қоймай, оның ақыл-ой белсенділігін жақсартып, айналысына көмектескісі келіп тұратын болады. Өйткені, осындай қозғалыс кезінде мидың қанмен қамтамасыз етілуі едәуір жақсарады. Егер сіз балаңызға жаттығуды үнемі жасап үйретсеңіз, онда ол өмір бойы спортпен айналысатын болады.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

«Айға қарап айқайлама!»



Халық даналығында Айдың маңызы ерекше. Ертеректе сапарға шыққан жолаушы айдың жарығы арқылы адасып кетпеу үшін жол іздеген. Айға қарап бағытын түзеп отырған. Үлкен кісілер «Айға қарап айқайлама», «Айға саусағыңды шошайтпа» деген наным-сенімдерді де текке айтпаса керек.

Оған қоса «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа», «Ай көрдім – аман көрдім, баяғыдай заман көрдім», «Айың тусын оңыннан...», «Айдың амаңында» сынды бабалардан қалған сөздер де бар. Табиғаттың тылсым күшіне, ауа райын болжауға қатысты айтылған сөздер тіпті көп. Ескі аңыздарда Айдың әсерінен теңіздердің тартылып, көлдің толысатынын, ауа райының құбылатыны мен жойқын апаттардың болатыны туралы көп айтылады. Мәселен, «Айдың шалқалап туғаны өзіне жайлы, шаруаға жайсыз. Тік туса, өзіне жайсыз, шаруаға жайлы» деген сөзді әлі күнге естіп қаламыз.

Зер салып қарасаңыз, Ай қызыл түспен сақиналанып, шеңбер кеңейіп барып, көзден жоғалатын болса, келер күн ашық болады. Осындай екі шеңбер не бір күнгірт шеңберді көзіңіз шалса, қатты суықтың болары анық. Ал Ай бұлыңғыр тартса, күн жаңбырлы, ашық болса, күн бұлтсыз болмақ. Айға қарап, тек келер күннің емес, алдағы жылдың да ауа райын болжауға болады екен.

«Қазақы пайымшылардың» айтуынша, ай қораланса, жаз жаңбырлы, қыс қарлы, боранды болады дейді. Халқымызда Айға қатысты түрлі ырымдар өте көп. Үлкендер жаңа Ай туғанда түскен

келіннің құрсағын берекелі санап, дүниеге көп бала әкеледі, ғұмырлы болады, ұзақ өмір сүреді деп есептеген. Жалпы, Айдың ұйықтап жатқан адамға тигізетін әсері де бар. Терезеден Ай сәулесі түспесін деп, пердені жауып қоятынымыз да сондықтан болса керек.

Ай мінез-құлыққа да қатты әсер етеді. Адамның бойындағы биоырғағына, көңіл күйі мен жұмысқа белсенділігіне, тіпті асқорытуына да өз әсерін тигізеді. Тіпті, түнде ұйқысырап, жүріп кететін науқастарды «Айкезбе» деп атаудың өзі осы Айға қатысты екені белгілі. Осы саланы зерттеп, зерделеп жүрген ғалымдар Айдың толған, туған күндерінде арақ-шарап атаулыдан аулақ жүруге кеңес береді. Өйткені, спирттік ішімдіктердің уландырғыш әсері Ай кезеңдерімен де тығыз байланысты. Әсіресе, Айдың үш жаңасында – Ай туғанға дейінгі бір, Ай туған және Ай туғаннан кейінгі бір – барлығы үш күнде адамның биоырғағы тым әлсіреп, ағза арақтың уына қарсы тұра алмай қалады. Мұндай күндерде бауырдың сүзгілік қабілеті төмендеп, спирт бірден қанға сіңіп, денсаулықты құртады. Сондықтан түнде ішімдік ішкендер көбіне жанжалдасып, тіпті қайғылы жағдайлар орын алып жатады.

Айға қатысты халқымыздың ырымы өте көп. Емшілер жағы «Ай жаңарғанда адам ауруынан айығады» деп жатады. Қазақта қыздардың сұлулығын Айдың сұлулығына балап, Айдана, Айзере, Айну, Айсулу, Айсәуле, ұлдарына Айбек, Айдос, Айсұлтан сияқты есімдерді ырымдап қояды. Жалпы, мұсылмандар үшін Айдың орны ерекше. Олар әлі күнге дейін мешіт, күмбез, кесене үстіне Айдың белгісін орнатып, Айдың нұрына бөленіп тұрса деп ырымдайды.

ФЕСТИВАЛЬ



Елді Ерік танытады

«Славян базары» халықаралық өнер фестивалі басталды

Біз үшін «Славян базарының» орны ерекше. Өйткені, 1992 жылдан бері өткізіліп келе жатқан байқауға Алтын Жорабаева, Талғат Жорабаев, Әлішер Кәрімов, Динара Сұлтан, Мархаба Сәби, Маржан Арабаева сынды өнерпаздарымыз қатысып, жүлдегер атанды. Ал өнеріне әлем тәңті болып жатқан Димаш Құдайберген 2015 жылы осы байқаудың бас жүлдесін алды, 2019 жылы Әділхан Макин есімді өнерпазымыз да байқаудың бас жүлдесін иеленген еді.

Көп ұзамай осы байқауға қатысқан Ернар Сәдірбай (Өміре) мен Рухия Байдүкеннің де жүлдызы жанды. Негізінен, 74 мемлекеттің таланттары қатысуға мүмкіндігі бар өнер додасынан бас жүлдені иелену оңайға түспесі анық. Дегенмен, талант пен еңбекті, тынымсыз ізденісті талап ететін байқаудың әзірге қазақстандық өнерпаздарға деген көңілі тұзу. Был аталмыш байқауға біздің еліміздің атынан Ерік Төленов өнер көрсетпекші. Жерлесіміз алғашқы кезеңде 62 ұпай жинады. Сондықтан үлкен үмітпен жеңісті күтейік! Сонымен қатар, осынау өнер фестивалі аясында ұйымдастырылған бишілер бәсекесі де өз мәресіне жетті. Қазақстаннан қатысқан екі топтың бірі – алматылық «Сармат» хореографиялық ансамблінің бишілері сахнада еркін қозғалып, қазақтың салт-дәстүрін көрсетіп шықты.

Осылайша жас бишілер байқаудың арнайы марапатына ие болса, ал Жезқазғаннан барған «Шалқыма» би ансамблі атакты Жібек жолының тарихын, сауда-саттықтың даму кезеңін көрсетті. Терең мағыналы би, көрерменнің де, қазылар алқасының да көңілінен шығып, 19 үміткердің ішінен үшінші орынды иеленді. Бас жүлдені – Ресей, бірінші және екінші орынды – Армения мен Қырғызстанның бишілері жеңіп алды.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

ТӘЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ

Баланы қалай тәрбиелеп жүрміз?



Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіне үлкен көңіл бөлген. Қызын инабатты, ұлын намысшыл етіп өсіруді қашан да арман еткен. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай, немересін жөргектен тәрбиеге баулып, ғибратты сөзді, бесік жырын құлағына сіңіріп, қызықты ертегілер мен өнегелі әңгімелерімен адамшылдық қасиеттерге баулитын ата-әжелеріміз ауадай қажет және бүгінгі ұрпақтың болашағы үшін орны ерекше.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, қазаққа тән әдет-ғұрып үдерістерінің қаншалықты кең жайылып, терең тамырлануы, ол ең алдымен олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни отбасындағы тәрбиеден, ата мен ананың үлгі болатындай істерінен бастау аларын өмір көші дәлелдеп берді.

Біз, мектептегі қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін ұстаздар, әдеби шығармалардан, ұлы адамдардың өмірінен үлгі ала отырып, жас ұрпақтың бойына қазақи тәрбиені, адамгершілік пен имандылық тәрбиесін сіңіруге тырысамыз. Мысалы, ұлы Абайдың әкесі – Құнанбай, әжесі – Зере, анасы – Ұлжанның тәрбиесі Абайдың ұлы тұлға болып қалыптасуына әсер етсе, Шоканның әжесі Айғанымның тәрбиесі қазақтың маңдайына жарық жұлдыз болып біткен Шоқанды сыйлады, Қызтұмас әжейдің намысты тәрбиесі қазаққа Бауыржандай батырды сыйлады, ал бата-сымен ел көгерген Ыбырайдың атасы Балқожа бидің «көзімнің нұры балам» деп, немересіне қанат бітіріп, қырандай биікке самғатып, дала қоңырауы атанған, қазақтың тұңғыш педагогы Ыбырайға берген тәрбиесі бүкіл бір ұрпаққа үлгі-өнеге болып, өшпес із қалдырды емес пе?!

Ал енді бүгінгі күні осындай тәрбие беретін қазыналы қарттарымыз бар ма, ұлттық құндылықты, әдет-ғұрыпты бала-сының бойына сіңіріп өсіріп отырған ата-ана бар ма деген сұрақ туындауы сөзсіз және дәл осы сұрақты біздің мектеп оқушылары қоюда. Қазір ондай тәрбие қайда, қазір бәрі жаңа, ХХІ ғасыр адамы да басқа деп айтатындар табылады. Ал менің айтарым – ондай тәрбие бар, оны беріп отырған ата-ана да, сондай тәрбиені бойына сіңіріп өскен ұрпақ та бар.

Міне, осындай тәрбиемен сусындап өскен, ананың әлдіін сезініп, әженің бесік

жырына қанып, әкенің өнегелі ісін көріп өскен, бүгінгі күні аты алты Алашқа емес, алты құрлыққа танылып отырған Димаш баламыздың бойындағы өнерінен басқа, тұнып тұрған ұлттық тәрбиесі туралы айтсақ, артық емес шығар деп ойлаймын.

Қазақтың қайсар ұлы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы өзінің ұлына бірде былай деген екен: «Егер елімізді отбасы деп санасақ, онда қазір біздің отбасымыздың толыққанды емес екенін аңғару қиын емес. Мемлекетімізде негізгі Заң, яғни Конституция билігі бар, оны қазақтар Ата Заң дейді. Ал отбасында атамен, яғни әкемен бірге ана да бар ғой. Ендеше, біздегі Ана Заңы қайда? Ана Заңы – адамгершілік заңы. Ол адам бойына ұлттық психологияны, ұлттық мінезді ұялатып, халықтың ең асыл, ғасырлар қойнауынан екшелеп өткен әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, оның дүниеге көзқарасын, мәдениеті мен рухын жаңғыртып, дамытуға жол сілтейді, бағыт-бағдар нұсқайды. Өзі сәби кезінде анасының емшегінен ембеген бала басқа малдардың сүтімен ауызданады, демек ешкінің сүтін ішкен сүзеген серке, қой сүтін ішкен қой мәңзелдес болып өседі, сиыр сүтімен коректенген өгіздей өкірендесе, мегежін сүтін ішкен доңыздай торсаңдайды». Ұлы батырдың баласына айтқан осы бір нақыл сөздері бүкіл ұрпаққа, соның ішінде бала тәрбиелеп отырған ата-анаға өсиет.

Димаштың әншілік өнері, қайталанбас дауысы, ол бөлек әңгіме. Ол өнеріне қазір дүние жүзіндегі музыка саласының майталмандары керемет бағасын беруде. Ал Димаштың бойындағы ананың ақ сүтімен, әженің мейірімді жылы сөзімен берілген адамгершілігі туралы айту – бір бөлек іс.

Димашта қазір атақ та, абырой да бар, әлемнің қай түкпіріне барса да, Димашты жоғары дәрежеде қарсы алатынын біз күн-

делікті көріп отырмыз. Ендеше, біздің Димашымыз, қазақтың Димашы сол атақ-абыройды адамгершілікпен арқалап келеді және әрі қарай да адамгершіліктің ақ туын құлатпай ұстайтынына сенімдіміз. Оған дәлел – оның тәрбиесі, ал тәрбиесі тал бесіктен басталды, іргетасы өмір бойы құламайтындай болып қаланды. Қазақта «Семіздікті қой ғана көтереді» деген сөз бар, жоқ ол атақ пен абыройды көтере алатын да адам баласы бар екенін дәлелдеді. Ол үшін, әрине, мықты тәрбие, жоғары білім, адамгершілік қасиет керек, ал оны себетін – ата-ана.

Міне, осы жерде Димаштың ата-әжесі мен ата-анасы туралы айтпау мүмкін емес. Айтбаевтар отбасының алып бәйтерегі Құдайберген ағамыз балаларына үнемі қолдау көрсетіп отырса, қайнар бұлақтың көзі Миуа ағамыз бала тәрбиесінде басты рөл атқара білді. Ал сондай еңбектің нәтижесі ақылды да білімді ұлы Қанат мырза болса, тәрбиелі, инабатты келіні Света ханым болды. Осындай отбасынан тәрбие алған Димаш қазақты әлемге өнерімен ғана емес, ұлттық тәрбиесімен, ата-анаға деген құрметімен, ана тіліне деген ерекше ықыласымен, еліне деген патриоттық сезімімен танытты. Димаштың отбасы арқылы әлем қазақ отбасының қандай болатынын таныды, қазақ отбасындағы басқа ешқандай елде жоқ тәрбиені таныды. Димаш өскен отбасының өзі ерекше отбасы, себебі бұл отбасында ұрпақтар сабақтастығы бар.

Әке мен ұлдың арасындағы, ене мен келіннің арасындағы сыйластық, қазыналы қарттармен бір шаңырақтың астында тұрып, Алланың берген ұрпағын бірге тәрбиелеп, қазақтың ұлттық тәрбиесі мен салт-дәстүрін баланың бойына сіңіре білді. Димаштың отбасында сен кім болсаң да, атағың жер жарып тұрса да, адамгершілік пен қарапайымдылықты бірінші орынға қою керек екенін және де осы қағиданы Айтбаевтар отбасы балаларының құлағына құйып өсіргенін білдік. Сондықтан да болар, Димаш қарапайым, үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлай алатын бойындағы ерекше қасиетіне әлем таңданып бас иіп отыр.

Ерекше талантымен, сыртқы сұлулығымен көзге түскенімен, ішкі дүниесінің ластығы көрерменді теріс айналдырып жатқан өнер адамдары да бар, оларды көргенде әттеген-ай дейсің, шіркін-ай тәрбиесі қайда екен деп ойлайсың... Ал Димаш баламыз өнерімен де, сыртқы сұлулығымен қоса, ішкі сұлулығымен де әлемді аузына қаратты, қазақ деген ұлы халықты әлемге танытты. Тіпті, Димаштың жанкүйерлері де Димашқа қарап бой түзеді, басқа әншілердің жанкүйерлеріне ұқсамайтын, әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған ерекше жанкүйерлері бар. Бұл ретте біз Димаштай ұлына қазақы тәрбие беріп, тектілікке, адамгершіліктің ең жоғары қасиеттеріне баулыған ата-әжесі мен ата-анасына мың алғыс айтамыз.

Мен жазушы емеспін, тек қарапайым мұғаліммін, алайда болашақ ұрпақтың тәрбиесіне, біліміне жауапты маманмын. Қазіргі ХХІ ғасырда білім алушыдан бұрын, ата-ананы тәрбиелеп, ата-анаман қарым-қатынас жасау қиын сияқты. Қазіргі ата-ана тәрбиенің тал бесіктен және өзінен басталатынын түсіне бермейді. Қазір біліммен бәсекеге түсетін заман, алайда тәрбие, адамгершілік, қарапайымдылық, адами қасиет заман өзгерсе де өзгермеу керек. Ата-ананды құрметте, ұстазыңды сыйла, Отаныңды сүй, қоршаған ортаға мейірімді бол, ұлы Абайдың сөзімен айтқанда «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...» деген сөзді баланың санасына құйып өсіру керек. Сонда ғана біз Абайдай дана, Ыбырайдай ұстаз, Шоқандай ғалым, Бауыржандай батыр, Қайраттай қайсар, Алаштың арыстарындай елжанды азаматтарды тәрбиелеп шығарар едік.

Айман БАЙСЕЙТОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

БӘРЕКЕЛДІ!



«БӨРТЕ» ӘЛЕМ САХНАСЫНА ШЫҚТЫ

Австралияның Мельбурн қаласында Дулат Исабековтің «Бөрте – әлем ханшасы» спектаклінің тұсауы кесілмек.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бөрте әлем тарихындағы ұлы қайраткерлердің бірі Шыңғыс ханның Қоңырат тайпасынан алған алғашқы әйелі екені тарихтан мәлім. Айта кетейік, Бөртеге арналған тұңғыш шығарма қазақ сахнасында да тұңғыш рет қойылды. Пьеса авторы бұл шығармаға төрт жылдай уақытын сарп еткен. Ол қазақ сахнасында, қазақ экранында осы уақытқа дейін тарихта қазақтан шыққан қаһарман әйелдің жоқтығын алға тартты. Драматург бұл шығарманы дәл осы жасымда жазғаным жөн болды дейді.

Дайындық жұмыстары қыза түскен қойылым барша көрерменнің көңілінен шығары сөзсіз. Сондай-ақ, мұнда басты рөлдерді сомдайтын актерларды таңдауға да ерекше мән берілген.

«Еуропалық драматургтер өз шығармаларында ондаған жылдар бойы тек ер адамдарды бас кейіпкер етуді әдетке айналдырған. Әйел образы жоқтың қасы деуге болады. Олар үшін Бөрте – сенсация, тың жаңалық. Шыңғыс ханды жақсы біледі. Бөрте жайында білетіні аз ғана. Сондықтан олар пьесаны жай ғана «Бөрте» емес, «Бөрте – әлем императрицасы» деп атады. Мен бұл атауды қуана қабылдадым», – дейді жазушы Дулат Исабеков.



Сондай-ақ, Дулат Исабеков премьерара өзінің қатыспауы мүмкін екендігін атап өтті. Алайда, Бөрте бейнесін сомдайтын шетел актерларының ойынын оның ұрпақтары бағалап қайтатын болды. Осы ретте Алматы қаласында жазушының шығармашылығына арналған баспасөз мәслихаты өтеді. Онда Дулат Исабековтің жақында швед тіліне аударылған шығармаларының жинағы көпшілікке таныстырылады.

«Бес пьеса мен үш әңгіме. Оларды швед академиясының мүшесі, Нобель сыйлығының лауреаты Бенгт Самуэльсон аударды», – дейді жазушы Дулат Исабеков.

Жазушы шығармашылығы шетел оқырманын несімен қызықтырып, қалай баурап алғанын өзі де білмейді. «Табыс кілтінің сыры неде екенін де айту қиын» дейді. Ұлылық қарапайымдылыққа екені баршаға мәлім. Енді бір «Транзиттік жолаушы» қойылымын әлемдік театрлар сахналауға асық. Бұл туынды алдымен Санкт-Петербургте, кейін Лондонда өнер сүйер қауымның айызын қандырған еді. Дәл осы қойылым әлем сахналарындағы отандық жазушының тың еңбектерінің шеруіне бастау болды. Ендігі кезекте – Мельбурн. Күзде австралиялық көрермен тарихи тұлға Бөртеңің бейнесін барынша танытып болады.





ЖАРЫС

Алматы бәсеке ордасына айналады

Алдағы уақытта еліміздің оңтүстік астанасында бірнеше халықаралық жарыстар өтеді.



21–24 шілде аралығында Алматыда спорттық құзға өрмелеуден Орталық Азия жастар чемпионаты өтеді. Турнирге Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдерінен 150-ден астам спортшы қатысады. Медальдардың ұтыс ойыны екі сайыс бойынша өткізіледі: жылдамдыққа өрмелеу мен қиындықтан өту.

Сондай-ақ, биыл Алматыда шорт-тректен Әлем кубогының екі кезеңі өтеді. Халықаралық конькишілер одағы (ISU) өкілдерінің инспекциялық сапарының нәтижесі бойынша Қазақстанның ұлттық конькишілер федерациясы осындай мүмкіндікке ие болды.

Осылайша 9–11 желтоқсан және 16–18 желтоқсан күндері Алматыда Әлем Кубогының III және IV кезеңдері өтеді. Айта кеткен жөн, Алматы бұған дейін де 2018 жылы Әлем Кубогының бірнеше кезеңін қабылдаған.

СЕМИНАР

Тәжірибе алмасты

Алматыдағы «ADD» үстел теннисі орталығында ITTF халықаралық сарапшысы Мұхаммед Атумның (Иордания) басшылығымен қазақстандық тәлімгерлерге арналған семинар аяқталды.

Еліміздің жастар құрамасының аға жаттықтырушысы Евгений Тимченко семинардың пайдасы жайлы өз ойымен бөлісті:

— Бүгінгі таңда федерация басшылығы

біздің жаттықтырушыларымызды оқыту және біліктілігін арттыру бойынша міндеттер қойды. Мен осындай іс-шараларға бірнеше рет қатыстым, онда тың ақпарат алып, білім мен тәжірибеңізді тағы да арттырасыз. Кейде белгілі бір жайт туралы ойыңызды өзгертесіз. Тәжірибе алмасуға келген Мұхаммед Атум барлық тәлімгерлерді оқу үрдісімен толығымен баурап алды. Жайлы, шығармашылық атмосфера орнатты. Барлығы қызықты тапсырмалар мен жаттығуларды қызығушылықпен орындады. Жалпы айтқанда, семинардың пайдасы зор және біз осында алған білімді республикада үстел теннисін дамыту үшін пайдаланамыз, — деді ол.

ЕРКІН КҮРЕС

Жеті жүлдемен оралды

Еркін күрестен Қазақстан командасы Тунистегі рейтингілі турнирде өз жарыс жолын аяқтады. Спортшыларымыздың қоржынында жеті медаль бар.

Азамат Дәулетбеков (86 келіге дейін) пен Әбдіманап Байгенжеев (92 келіге дейін) халықаралық жарыста тең келгендер болған жоқ. Екі палуанымыз жауырыны жерге тимей алтын алды.

Сондай-ақ, Талғат Сырбаз (70 келіге дейін), Болат Сақаев (79 келіге дейін) және Мамед Ибрагимов (97 келіге дейін) үздіктердің бірі болып күміс алды. Әділ Асқаров (65 келіге дейін) және Әлішер Ерғали (125



келіге дейін) турнирді үшінші орында аяқтады. Командалық есепте Қазақстан үшінші болды.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Әлем біріншілігі қалай өтуде?

АҚШ-тың Юджин қаласында (Орегон штаты) жазғы маусымның басты жарысы – жеңіл атлетикадан әлем чемпионаты жалғасуда. Бүгінгі таңда қазақстандық спортшылардың басым бөлігі әлем біріншілігінде өнер көрсетіп қойды.

Қазақстан намысын қорғаған Надежда Дубовицкая әйелдер арасында жоғары секіруден шешуші кезеңде өнер көрсетті. Спортшымыз жарыс финалында 1,96 метр нәтиже көрсетті. Бұл нәтиже оған әлем

чемпионатын ең мықты ондықта аяқтауға мүмкіндік берді. Дубовицкая жарыс қорытындысы бойынша сегізінші орынға жайғасты. Бұл сайыста австралиялық Элеонор Паттерсон (2,02) алтын алды. Ал украиналық Ярослав Могучих күміс медаль иеленсе (2,02), Елена Валлортигара (Италия) үздік үштікті түйіндеді (2,00).

Спорттық жүрістен 20 км қашықтықты жүріп өткен Галина Якушева 33 болып мәреге жетті, нәтижесі – 1:38.47. Георгий Шейко 20 км қашықтықта 1:26.40 нәтижесімен 28-ші болды.

Әйелдер арасында он мың метрге жүгіріп жарысқан Кэрولين Кипкируи 30:17.64 нәтижесімен жетінші болып, осы қашықтықтағы Қазақстанның жаңа рекордын орнатты.

Жанна Мамажанова 2:31.14 нәтижесімен жарысты 21-орында аяқтады.

АУЫР АТЛЕТИКА



Қоржында қос қола бар

Ерасыл Омаров және Азамат Төлеген жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында ел қоржынына қос қола салды.

Жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында құрама спортшыларының ішінде бірінші медаль авторы – Ерасыл болды. 55 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған жерлесіміз үздік үштікті түйіндеді.

Бірінші жаттығуда Ерасыл барлық үш тәсілді жүзеге асырып, 104 келі салмаққа тоқтады. Алайда, екінші кезеңде спорт-

шымыз салмақты тек үшінші мүмкіндігінен көтере алды, нәтиже – 228 килограмм (104+124). Алғашқы екі орынды вьетнамдық спортшылар К.Дуонг (113+143) пен Дуонг Туан (112+136) бөліп алды.

Азамат Төлеген жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының кезекті жарыс күні ауыр атлетикадан Қазақстан құрамасының қоржынын тағы бір марапатпен толықтырды. 61 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен отандасымыз екі кезең нәтижесі бойынша 262 (112+150) келіні бастан асырды. Үздік нәтижені Корея өкілі – Шин Рок (126+155) көрсетсе, екінші орынға Үндістаннан келген спортшы – Сирумурган Мадхаванга (121+144) жайғасты.

BASKETБОЛ

Бап жетпеді ме, бақ жетпеді ме?

Баскетболдан Қазақстан құрамасы Азия Кубогындағы жарыс жолын аяқтады.

Қазақстандық баскетболшылар Индонезиядағы Азия Кубогының плей-офф кезеңіне өте алмады. «Дала қасқырлары» (біздің құраманың лақап аты) Сирия командасымен кездесіп, осы ойында келесі раундқа қатысу құқығы үшін таласқан. Матч Таяу Шығыстан келген команданың пайдасына шешілді, ойын 77:67 есебімен аяқталды.

Айта кеткен жөн, бұған дейін Азия Кубогында біздің баскетболшылар Жапония және Иран құрамаларымен кездескен. Бірінші ойында 100:68 есебімен жапондық спортшылар басым түссе, екінші матчта Иран командасына 60:96 есебімен есе жібердік. Осылайша Азия біріншілігінің үш ойынында да жеңіліс тапқан Қазақстан құрамасы топтық кезеңнен өте алмады. Индонезиядағы жарыста Қазақстан құрамасы өзінің ең төменгі нәтижесін қайталады. Іріктеуден өте алмаған 2001 жылды айтпағанда, 1995 жылдан бері Азия Кубогында өнер көрсетіп келе жатқан біздің баскетболшыларымыз тым болмағанда бір жеңіске жетіп, плей-офф кезеңіне өте білген. Тек 2017 жылы Ливанның Бейрут қаласында «дала қасқырлары» дәл осындай нәтиже көрсетіп, бірде-бір жеңіске жете алмаған.

Әрине, қазақстандық жанкүйерлер бұл



жарыстан алтын күтпесе де, топтық кезеңнен шығып, спортшыларымыз ширек финалда тартысты ойын көрсетеді деп үміттенген. Себебі, осы жарыстың іріктеу кезеңінде құрама ойыншылары 6 кездесу өткізіп, 4 жеңіске жеткен. Бұл нәтиже жанкүйерлердің жарыс алдындағы көңіл күйіне сенім ұялатқаны анық. Алайда, ешбір ойын көрермендеріміз күткендей болған жоқ. Турнирдің бірнеше дүркін жүлдегері Жапония командасына қарсы ойынды қоспағанда, іріктеу кезеңі аясындағы ойындарда бірнеше рет жеңіске жеткен Иран және Сирия командаларынан ойсырай жеңілуіміз – Қазақстан баскетболының нағыз деңгейін көрсетіп бергендей. Әлемдік аренаны айтпағанда, Азия ішінде тең дәрежеде өнер көрсетуіміз үшін ҚБФ-сын қауырт жұмыс күтіп тұр.

КЕРЕК ДЕРЕК

Шахмат – ақыл-ой спорты

1966 жылдан бері 20 шілдеде Халықаралық шахмат күні тойланады. Осы айтулы күнге орай шахмат әлемінен қызық фактілерді назарларыңызға ұсынамыз.

- «Шах» және «мат» терминдері парсының shahmat сөзінен шыққан (мағынасы «патша өлді»).
- 1947 жылы Мигель Найдорф бір уақытта қатарынан 45 партия ойнаған.
- Теория жүзінде екі қадам арқылы «шах» және «мат» қоюға болады. Тарихта мұндай оқиға – 1983 жылы Лэнс Дарлинг – Ричард Вуд кездесуінде болған.
- Теориялық тұрғысынан ең ұзын партия 5949 қадамға созылуы мүмкін. Ал шынайы өмірде ең ұзын шахмат ойыны 20 сағат 15 минутқа созылған. Бұл – 269 қадам жасап, тең ойнаған Иван Николит пен Горан Арсович арасындағы матч болды.
- Сергей Нарякин тарихтағы ең жас гроссмейстер атанған (12 жыл 7 ай). Ал Энрико Паоли (88 жаста) – ең егде жастағы гроссмейстер.
- Шахмат – олимпиадалық спорт түрі. Алайда, шахмат үшін барлығымен бірге емес, жеке Олимпиада өтеді. Онда шахматшылар да допингке тексеріледі.
- Механикалық сағатты ойлап тапқанға дейін шахматшылар ойында құм сағат қолданған.
- Неміс шахматшысы Эмануэль Ласкер 27 жыл бойы шахматтан әлем чемпионы атағын ұстап тұрған.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.



АНА МЕН БАЛА

ТӘНІ МЕН ЖАНЫ САУ ҰРПАҚ

дені сау анадан туады

«Бір қозы артық туса, бір түп жусан артық шығады» деген қағиданы ұстанатын халықпыз. Бәріміз халқымыздың саны көп, ел іргесі берік болғанын қалаймыз. Сапаның саннан шығатыны да рас. Алайда, қазір адамдар күйзеліске жылдам ұшырайтын бәсекелестік заманда дүниеге дені сау бала әкеліп, оны аяғынан тұрғызу да, оған өмірлік азық болатын білім мен тәрбие беру де оңай болмай тұр. Сондықтан ең алдымен қыз-келіншектердің сауатты ана болғаны маңызды.

ӘР БАЛАНЫҢ НЕСІБЕСІ...

Көрші келіншек жақында 9-ыншы сәбиін дүниеге әкелді, 6 қыз, 3 ұлы бар. Көпбалалы отбасы пәтер жалдап тұрады. Балалардың әкесі құрылыста жұмыс істейді. Бір адамның табысы бала-шағаға жетсін бе, Гүлсімге көрші-қолаң жиналып шамамыз келгенше тамақ, киім-кешекпен жәрдемдесіп тұрамыз. Ерлі-зайыптының айтуынша, олар тұрғылықты жер бойынша үй кезегіне тұрған екен, бұйыртыса жақында баспаналы болмақ. Әйтеуір ел-жұрт болып көпбалалы жанұяның жырттығын жамасармыз, мемлекеттен үй де беріп қалар. Бірақ мені толғандыратыны – 9 баланың болашағы. Үйдің тұңғышы 17-ге кеп қалған бойжеткен. Одан кейін де бірінен соң бірі желкілдеп өсіп келе жатқан қыздар. Үлкен қыз биыл мектеп бітіріп, жоғары оқу орнына тапсырып еді, балы жетпей түсе алмады. Өйткені, оның сабағына ден қойып, бастауыштан бастап қадағалайтын анасының уақыты да, мүмкіндігі де болған жоқ. Ол үйірмеге барып, қосымша білім алған жоқ. Бес саусақ бірдей болмайтыны секілді, барлық бала мектептегі білімді тегіс сіңіріп ала алмайды, сол үшін үйде де баланы оқытуға тура келеді. Ал Жанар болса, үйдің тұңғышы болған соң сабақтан бос кезінде бауырларын қарасудан қолы босамады. Бірде Жанар анасына «Ішің шартып мектеп жақтан өтпеші, балалардан ұяламын» депті. Осыдан-ақ Жанардың ішкі жан-дүниесінде ата-анаға реніші барын, өзіне олардың назары жетпейтінін ұғуға болатындай. Әрине, көпбалалы болған жақсы-ақ, көп ағайынды болған да керемет. Бірақ әр баланың несібесі бар екен деп бірінен соң бірін дүниеге әкеле бергенше, қазіргі заманда бір уақыт әр баланың болашағын ойлау да қажет шығар деген ойға қаласын...

АҢСАҒАН СӘБИ

Маржан тұңғышын 6 жыл күтті. Тұрмыс құрғаннан кейін әйел адамның ана болғысы келетіні заңдылық қой. Отбасылық өмірдің алғашқы жылдарында Маржан жүкті бола қоймағанына аса мән бермесе де, арада 3-4 жыл өткен соң шындап алаңдай бастады. Дәрігерлерді, емшілерді жағалап жүріп, күндіз-түні Алладан нәресте сүюді тілеп, 5 жыл дегенде құрсағында жаңа тіршіліктің пайда болғанын білді. Тұңғышына Аңсар деп ат қойды.

Бала 1 жасқа толар-толмастан Маржан екінші сәбиіне жүкті екенін білді. Екі баламен есі шығып, оларды балабақша жасына толтырып жұмысқа шыққаны сол еді, үшінші сәбиін көтерді. Ұйқысы шала, ағзасы әлсіреген келіншек үшінші жүктілігіне аса қуана қоймаса да одан бас тартуға батылы жетпеді. Өйткені, өзі кезінде Жаратқаннан қол жайып бала сұрап еді ғой... Бала сүю тамаша қуаныш болғанымен, ата-ана болудың жауапкершілігі де бар. Осындайда әйел адам жақындарының көмегі ауадай қажет екенін түсінеді. Бірақ бәрі біз ойлағандай бола бермейді ғой, ата-енеден, күйеуден қолдау болмай жатқан соң әйелдің күйзеліске түсуі оп-оңай. Қазір



Маржан бірнеше жыл қатарынан балалармен үйде отырған соң материалдық жағдайы да қиындап, күйеуінің табысын ғана қанағат етіп отыр. Отағасының табысы тұрақты да емес. Балалардың балабақша ақысы, басқа да ұсақ-түйек қажеттіліктері қалтаға әжептәуір салмақ. Әрине, мұндай қиындықтар уақытша, бәрі өтеді. Дегенмен, жыл сайын әйелдің ресурстары азая беретінін ескерсек екен. Әр бала 2 жасқа дейін ана сүтіне жарығаны, анасының бар назары баласында болғаны маңызды. Әйел адам ана болудың әр сәтінен ләззат алғанда ғана қуаты азаймайды.

БАЛАМДЫ БАҒЫП БЕР...

Торғын 3 баласын ауылдағы ата-әжесіне жіберіп жұмыс істеп жүр. Отағасының бір жағынан шығысып, ақша тауып, бастап қойған үйлерінің құрылысын жүргізбекші. Ауылдағы ата-әженің қолында кіші келін тұрады, оның екі баласы бар. Анда-санда Торғын балаларын көріп қайтуға ауылға бара қалса, келіннің қабағы ашылмай жүреді. Оны да түсінуге болады, өз балаларымен бірге өзгенің де баласын бағып жүр. Ол ішінен «Баланы мен үшін емес, өзің үшін туған жоқсың ба» деп зекіп жүргені айтпаса да түсінікті. Мұны Торғын жақсы түсінеді, бірақ басқа амалы бар ма? Оның үстіне әр барған сайын кішкентай ұлы мен қызы «алып кет, қалмаймыз» деп жылап қалады. Торғын секілді балаларын сағынып, олардың әр сәтін қызықтай алмай жүрген аналар әр қалып жетіп-артылады. Керісінше, баласын бір күн болса да біреу бағып берсе екен деп тастайтын адам тап-

пай шаршап жүргендер де жетеді. Ал ересектердің арасында бала кездерінде өздерін ата-әжесіне, туыстарына тастап кеткені үшін ата-аналарына ренжіп жүргендері қаншама? Өйткені, кішкентайынан анасынан ажырап өскен баланың көңілінде қаяу қалады.

АНА БОЛУҒА ДАЙЫНСЫЗ БА?

Баланы от пен суға түсірмей бағудың машақаты алдымен анаға жүктеледі. Өкінішке орай, қазіргі кезде балалардың абайсызда терезеден ұшып кетуі, суға батуы, шұңқырға түсіп кетуі секілді оқыс оқиғаларды жиі еститін болдық. Тіпті, кейде балалар өз ата-анасынан зәбір көріп жатады. Жақында бір үйдің үш бірдей баласы суға батып бара жатқанда батыл азамат құтқарып қалды, өткенде терезеде ілініп тұрған баланы Сәбит атты жігіт аман алып қалғанда да демімізді ішке тартып, қараусыз қалғанын кімнен көрерімізді білмей дал болдық. Ал шарасыздықтан үш баласымен терезеден секіріп кеткен келіншек пен балалардың обалы кімге? Бұл да жалпы қазіргі қоғамдағы балаларға деген салғырттықтың көрінісі. Сондықтан осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін не істеу керек? Әдетте, әйел адамдардың қаламаған жүктіліктен сақтануы, әр жүктіліктің арасында өз денсаулығына көңіл бөлу қажеттілігі, ананың психологиялық жай-күйінің дұрыстығы, туралы мәселе қозғаған адамды демографияға қарсы адамдай қабылдайтындар бар қоғамда. Шындығында, дүниеге оншақты бала әкелем деп не аузында сау тісі қалма-

ған, денсаулығы сыр берген, жүйкесі тозған ана балаларын қалай тәрбиелемек. Бала тәрбиесіне, ата-ана жауапкершілігіне қатысты сарапшы-мамандардың, дәрігерлердің осы мәселе төңірегіндегі ойларын саралай отырып, мынандай қорытынды жасауға болады.

• Ең алдымен, кез келген әйел бала тууды жоспарлауы керек. Жоспарлы жүктілік өзінің де, болашақ баланың да денсаулығы үшін маңызды. Статистика бойынша, жарық дүние есігін ашқан балалардың 30–35 пайызы ғана сау болып туады екен. Сондықтан балалы болғысы келетін жұптар жаман әдеттен тыйылып, генетикалық анализдерін тапсырып, денсаулықтарын ретке келтіргені жөн.

• Екіншіден, баланың материалдық жағынан қамтамасыз етуге мүмкіндік бар ма? Отбасындағы ер адам бала-шағасын асырай ала ма? Үшінші-төртінші баланың дүниеге келуі үйдегі 2 баланың алаңсыз білім алуына, дамуына кедергі келтірмей ме? Осы жағын да алдын ала ойлану керек.

• Бала қандай отбасында, қандай ортада дүниеге келмек? Әкесі де балалы болуды қалай ма? Бала туылғаннан кейін жаныңызда көмектесетін, қолдау білдіретін жандар бар ма? Егер ер адам әйелін сыйламаса, отбасын асырай алмаса, жарына күш көрсетсе, мұндай отбасында тағы бір баланы дүниеге әкелу қаншалықты дұрыс болады? Осы қарапайым дүниелер ескерілгенде ғана ана мен баланың жағдайы дұрыс болмақ.

ЕРЛІК



БАУЫР ҮШІН ЖАН ПИДА

Дәрігер кішкентай қызға ота жасады. Оған тез арада I топтағы қан керек болды. Мұндай қан тобы ауруханада табыла қоймады. Бірақ науқас қыздың сыңары ер баланың да қан тобы I болатын.

Дәрігер оған тез арада қарындасына қан керек екенін, сонда ғана қызды аман алып қалуға болатынын түсіндірді. Әлгі ер бала дәрігердің сөзін мұқият тыңдағаннан кейін ата-анасымен қоштасып, қан алдыруға қолын созды. Дәрігер баланың неге бұлай істегенін түсінбей аңтарылып тұрған кезде, бала: «Енді мен қашан өлемін» деп сұрады. Ол қарындасы үшін өлуім керек деп ойлапты. Кішкентай ғана бүлдіршін бір туған бауыры үшін жанын беруге әзір еді. Дәрігер баланың ерлігіне тәнті болды. Сол егіздің екеуі де аман-сау ата-анасының көз қуанышы боп өсіп келеді.

Бетгі әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

АНА ДЕГЕН ҚҰДІРЕТ!

Бір ана көрдім, ол сырқат баласын өз жанынан артық жақсы көреді. Жақсы көргені соншалық, баласы өмірден өз орнын табуы үшін оны аямайды, орнымен еркелетеді, бірақ көңілін де қалдырмайды. Баланы оңалту үшін барын салып жүр. Жүрегі ауырса да, оны баласына білдірмейді. Тілі күрмеліп, әрең сөйлейтін жасөспіріммен дені сап-сау жігіттей сөйлеседі, сырласады. Әзілдеп, кейде тіпті ұрсып ата алады. Баласына уақытының көбін қияды, бірақ жолдасына да көңіл бөледі, еркелейді, өзін-өзі күтеді, басқа балаларын да назарына тыс қалдырмайды. Көп оқиды, ізденеді. Өйткені, ол өз отбасына тоз-тозы шығып шаршаған долы әйел емес, сұлу жар, жүйкесі тыныш ана керек екенін біледі. Ғажап емес пе? Ана мен бала арасындағы шынайы махаббатты көрдім. Бүкіл отбасына төккен ананың мейірімі өзіне махаббат болып қайтады екен ғой...

Дені сау сүйкімді балаларына дұрыс қарай алмай, бір күйеудің көңілін таба алмай жүрген қыз-келіншектерге үлгі дерсің... Барлық қыз-келіншек өзінің сұлу, өзінше ақылды болғанымен, дана ана болу оңай емес екен. Өйткені, ана – отбасы мүшелері үшін елші, көрген саясаткер; ана – үйдегі президентті халыққа сыйлата білуі тиіс Үкімет; ана – отбасылық қаржыны реттеуші экономист; ана – отбасы мүшелерінің денсаулығына жауапты Денсаулық министрі; ана – балаларының білім алуына мүдделі Білім министрі; үйдегі әр адамға, әр баласына махаббатын тең бөліп беретін Ана деген құдірет. Сондықтан оның әлсіз болуына қақысы жоқ. Парасатты мінез, ыстық қайрат, кең жүрек керек-ақ.

Кез келген мәселені анасымен кеңесетін, сырласатын, анасын құрметтеп, сөзін жерге тастамайтын адам көрсем сүйсінем. Демек, анасы мықты болғаны. Мықты болудың жөні осы екен деп бала-шағасын, туған-туысты билеп-төстеп өзім би, өзім қолжа десе де, әйел оңбай қателесетінін көріп жүрміз. Баласы өзіне неге қарсы шығатынын түсіне алмай, жұрттың баласына тамсанумен өтетіндер қаншама...

Бәріне үндемей көніп, үйдің тірлігіне көміліп, енеден сөз естіп, күйеуді басына шығарып, баласына сөзі өтпейтін әйелдің де ешкімге қадірі жоқ. Өйткені, өзін сыйламайтын әйелді кім адам санасын.



ӨМІР-ӨНЕГЕ

Нұрлан ОРАЗАЛИН, мемлекет және қоғам қайраткері:

«ЖАУЫҢДЫ БАСЫҢДЫРМА, Көк Түріктер дәуірінің көсемі Тоныкөктің осы бір

Нұрлан Оразалин – Алматы қаласының құрметті азаматы. Жаңа дәуір әдебиетінің классигі, қазақ жырғына олжа салған көрнекті ақын, танымал драматург, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері.

Ол баспа, баспасөз, мәдениет саласында еңбек сіңірген тұлға, Қазақстан театр қайраткерлері Одағында – Бірінші хатшы, «Егемен Қазақстан» газетінде – Бас редактор, Қазақстан Жазушылар одағында ұзақ жыл Төраға болып қызмет еткен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымында халық депутаты, Қазақстан Республикасы Парламентінде Сенатор болған.

Нұрлан Оразалин – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Барыс-1», «Барыс-III», «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері.

Нұрлан Оразалиннің елуге тарта кітабы жарық көріп, шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне (орыс, француз, қытай, түрік, украин, болгар, өзбек, қырғыз, тәжік, әзербайжан, татар, т.б.) аударылған.

Биыл өзінің 75 жылдық мерейтойын қарсы алып отырған Алаштың ардақты азаматы, қазақ өлеңінің ақиығы Нұрлан Оразалин туралы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған (12 маусым, 2022 жыл) Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫНЫҢ сұхбатын оқырмандар назарына ұсынамыз.

ӨТКЕНДІ – БҮГІННЕН, БҮГІНДІ БОЛАШАҚТАН БӨЛЕ-ЖАРА ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

– Нұрлан Мырқасымұлы, 75 жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын!

– Рахмет!

– Сіз театр, басылым, Жазушылар одағын басқардыңыз, депутат болдыңыз. Осы соқпақтың бәрімен жүріп өткеннен кейін қандай өмірлік түйін жасадыңыз? Кешегі құндылықтар бүгін қайта безбенделіп, қоғамда өткір пікірталастар жүріп жатқан кезде сіздің Жаңа Қазақстан жүйесінде алып-қосарыңыз бар ма?

– Әрине, бар.

– Мысалы?

– Әуелі бір шындықтың басын ашып алайық. Басқару жүйесінде үлкен өзгерістер болғанымен ел өзгерген жоқ. Ондаған ғасырлық тарихы бар Ұлы Дала да, ұлы даланы мекен еткен халық та, халықтың тілі де, ділі де өзгерген жоқ. Ел мінезі мен болмысы қалпында.

Ел тарихы – біртұтас. Бұл – дәлелсіз ақиқат. Өткенді – бүгіннен, бүгінді болашақтан бөле-жара қарауға болмайды. Тағдыр-талайы ғаламдық қайшылықтардың көкпарына түскен Ұлы Даланың бүгінгі күрделі ахуалына әрбір қазақтың, әрбір қазақстандықтың бейжай қарауға хақысы жоқ. Біздің халықта «тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген мақал бар. Бұл мақалдан халқымыз үшін сөз дейтін ұғымның қаншама киелі, қасиетті екенін аңғаруға болады.

Өз тағдырын өзі қолына алған кешегі бодан елдің азаттыққа қол жеткізген 1990–2000 жылдар аралығындағы тарихи жауапкершілік арқаалаған кезең мен үшін аса қымбат, қадірлі! Өйткені, бұл кезең – Ұлт, Мемлекет Тәуелсіздігінің алғышарттарын қалыптастырған ұрпақтың арманы мен мұратын, ойы мен жегірін арқаалаған кезең! Мен – сол ұрпақтың бір өкілімін. Қатары күн санап сиреп келе жатқан ұрпақ Тәуелсіздік туралы ақ айтылған сөзді естігенде – қуанады. Сыңарезу пікірлерді естігенде қуарады. Сөз қадірі кеткен мына бейдауа мінезді заманаға, әлде ары мен намысы тапталған адамға ренжіріп білмей дал болады. Өкінішті, әрине...

«Мемлекеттік дәстүрі болмаған ел» дейтін дүдәмал уақытта іргелі реформалардың тұсауы кесілген күрделі кезеңге жан-жақты сараптама жасалып, тарихи баға толық беріле қойған жоқ. Оның орнына қоғамдық пікірді өзге арнаға бұрып, төбеден түскендей етіп, «отыз жыл бізді құртты, отыз жыл бізді оңдырмады» деушілердің қатары көбейе түсуде. Тәуелсіздіктің іргесі қаланған жылдардағы қиындық, қуаныш, жетістік, жанашылдық, жасампаздық, бәрі сол жалпылама айтылған «жазғыру» мен «билікті кінәлаудың» көлеңкесінде қалып барады... Жақсымыз да, жаманымыз да «оңдырмаған отыз жылдың» құрсауына қамалып, өз өткенімізді өзіміз өгейсітіп, өз тарихымызға деген жиіркенішті сезімді ұрпақ санасына, ұлт жадына «егіп» жатқанымызды байқамаймыз. Бұл – қатерлі құбылыс!

Отыз жылды апарып салғанда өткен ғасырдың қойнында қалып бара жатқан Азаттық үшін жан алысып, жан беріскен, Тәуелсіздік үшін тұрысқан тоқсаныншы жылғы тұлғаларды қайда қоямыз?! Тірілерімізді түгендеп жатпай-ақ бақиға озған Салық Зиманов, Сағадат Нұрмағамбетов, Сұлтан Сартаев, Қаратай Тұрысов, Өзбекәлі Жәнібеков, Шерхан Мұртаза, Өмірбек Жолдасбеков, Әбіш Кекілбаев, Балғабек Қыдырбекұлы, Шахмардан Есенов, Әнуар Әлімжа-



нов, Манаш Қозыбаев, Сауық Тәкежанов, Марат Оспанов, т.т. тәрізді екі ғасыр тоғысы тудырған тұлғалардың рухтарына не дейміз?

Күн сайын алапат өзгерістерге ұшырап жатқан дәуірдің жаңа бейнесін жасауға үлес қосқан өзге де қайраткерлеріміздің қызметін қайтеміз? Сызып тастауымыз керек пе? Отыз жылды тарих бетінен толықтай аластап тастасақ кім қалады? Кіммен қаламыз сонда? Ұтатын кім? Ұтатын қазақтың ұлы байтағын түсінде көріп, «осыншама жерді алаш жұртына Ұлы Жаратушы жаңылып бере салғаны несі» дейтін ұлы жұрттар екенін неге естен шығарамыз? Өз тарихымызды жоққа шығарғаннан ұтылар кім? Ұтатын кім? Ұтылатын қазақ екені басы ашық! Егер ешнәрсе жасалмаса, Тәуелсіздік қайдан пайда болды? Мен бір қоғамдық формациядан екінші қоғамдық формацияға өту кезеңінде бар қиындықты иығына салып, жауапкершілік жүгін арқаалаған Мемлекет басшысының сол тұстағы маңызды қадамдары туралы жазған сынық сүйем сөзімнің бірде-бірінен бас тартқан емеспін. Бас тартпаймын. Өйткені, сол іргелі реформалардың ақпараттық насихатын жүргізіп, қазақ елін оңынан да, солынан да сансыз мәрте көктеп өткен егемендіктің әр кірпішінің қалай қаланғаны менің көз алдымда... Егер осы сөзіме күмәнмен қарап, кінә артар адам болса, 1993, 1994 жылдардағы Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен жүргізген екі сұхбатымды тауып алып оқуына болады. Мемлекет іргесі бекімеген, шаңырағы болғанымен, уығын қадай алмай, қалың тұман арасынан қаңтарылып жол іздеген тұста, Президенттің сол сұхбаттарында елді, елдікті сақтаудың барлық жүйе-жобасы айтылып, идеология тұғырын бекітуге негіз болып еді...

Әрине, әр кездің өз қиындығы, өз мәнері болады. Тәуелсіздік дәуірінің «көзімізді уқалап ашқан» кезін еске алған сайын, билік пен халық арасындағы осы бір ұғынысты үйлесімнің барынша табиғи болғанын еріксіз сезінуге болады. Халықты – биліктен, билікті халықтан үркітетін әсіре ресмилік жоқ кез. Елі – басшысына сенген, басшысы халқына арқа сүйеген кезең... Осы бір жарасты үйлесім күрделі кездің қиындығы мен ауыртпа-

лығын жуып-шайып, жүдеген елдің көңіліне қанат бітіргендей еді. Күдік пен күмән өрттей қаулап, «қазақ ұлты мемлекет құра алмайды» деген сыпсың сөздің жолын кесуде де осы үйлесім ерекше рөл ойнаған жылдарды жамандыққа қалай киюға болады?! Ел Тәуелсіздікке сенді! Бүгін қиналғанымен, ертең өмірлерінің алғатынына сенді...

ЕГЕМЕНДІК АЛҒАННАН КЕЙІН ЕКІ МӘСЕЛЕДЕ ҚАТЕЛІК ЖІБЕРДІК

– Демек, халық Тәуелсіздікке сену арқылы билікке, болашаққа сенді ғой?

– Әрине... Экономикамыз тұралады. Рухани кеңістігімізде де тоқырау болды. Бірақ халық ертеңіне сенді. Сенімді серік етті...

– Өтпелі кезеңнің өрті тимеген сала болды ма?

– Жоқ! Өтпелі кезеңнің өрті мен дертінің жалыны қатты шалған рухани саланың бірі – әдебиет.

Екіншісі – кітап! Кеңес Одағы кезінде Қазақстан кітапты көп оқитын ел едік... Нарық басталған соң жағдай өзгерді. Кітап шығару ісі мен кітап саудасы қиындады. Тоқырады. Ауыл-ауылдағы кітапхананың бәрі жабылды. Кітапсыз елдің ертеңі не болады? Жазушы қауымның тағдыры кітаппен байланысты. Жазушы да, кітап дейтін рухы қазынамыз да жүдеді. Бірақ Сөздің рухы жүдеген жоқ.

Міне, Ел Үкіметін Ө.Қажыгелдин басқарған кезеңдегі кітап пен кітапханалар айналасындағы осы қиындыққа әрі бас газеттің басшысы, әрі қаламгер ретінде араласуыма тура келді. Үкімет басшысы мен бас редактор арасында қырғи-қабақ келіспеушілік басталды. Жүрегім сыздады. «Жабылып жатқан кітапханалар үшін кім жауап береді?» деген айдармен «Егемен Қазақстан» бетінде сын материалдар басылды. Жер-жерден келген хаттар дабыл қаға бастады. Есігіне қара құлып салынған кітапханалар қастандықпен пара-пар еді... «Олжабайдың ауылы ашығып отыр» тәрізді мақалалар үшін тиісті жерлерден сын-ескертулер естіп, «сыбағамызды» да алдық... «Егеменнің» 75 жылдық мерейто-

йында құттықтау күтіп отырған редакция ұжымы сұрапыл дауыл мен бет қаратпас боранның өтінде қалған да кезі болды. «Сендер нарық қатынасын неге дұрыс насихаттамайсыңдар?» деген Мемлекет басшысының аузынан ауыр сын есту оңай болған жоқ.

Дегенмен... Басылым басшысы ретінде соңынан сөз алып, он-он бес минут сөйлеп, шындықты жайып салуға тура келді. «Егемен» – ел билігінің көзі мен құлағы болуы керек. Бірақ көз бар – көрмейді, құлақ бар – естімейді. Билік пен халық арасындағы есік бекітілген... Көрсетпейтіндер бар, естірмейтіндер бар. Өңірлердегі «СҚ»-ның кезінде сықиып «Волга» мініп жүретін меншікті тілшілерді әкімдер есігінен сығалатпайды... Есік-терезе тарс жабулы. Сонда тілші қалай жазбақ, нені жазбақ? Тілшілердің алатын айлығы мардымсыз. «Караван» болса, жүйрік журналистерді Петербургтен, Мәскеуден, Омбыдан шақырады. Екі басылымда істейтіндердің айлықтарының айырмасы – жер мен көктей. Олар шақырған тілшісіне Алматының төрінен ойып үй алып береді. Ал Үкімет жалғыз басылымына жағдай жасаудың орнына қол-аяғымызды қысып, тулақтай тартып, көкпарға салады» дедім. Шындықты естіген Президенттің беті бізге бұрылды. Жүзі де, сөзі де жұмсарды. «Егеменнің» мерейтойы күнде бола бермейді» деп күнілгері жоспарланған Парламенттегі жиынға бармай, редакция қызметкерлерінің ортасында отырып, қуанышымызды бөлісті, жалақы орнына күріш пен қой алатын қызметкерлерімізбен суретке түсті. Қолдауы мен қамқор көңілін көрсетті. Кейін Нұрсұлтан Әбішұлы бір сөзінде «Сенің «Караванмен» салыстырып айтқан сөзіңе қатты ойланып қалдым» дегені бар.

– «Бизнестің жауапкершілігі, дәрігердің, мұғалімнің жауапкершілігі» деген ұғым бізге жақсы таныс. Ал табиғаты еркіндікпен етене жақын қаламгердің қоғам алдындағы жауапкершілігі қандай болады?

– Ел басына ауыртпалық түсіп, қандай қиын-қыстау кезеңдер орнаса да, жалпақ жұрттың жанынан алдымен ақын мен жазушы табылады. Себебі, олар – жан дәрігері. Адамның жанын емдеумен айналысатын суреткердің жауапкершілігі тәнді емдейтін дәрігер жауапкершілігінен кем емес. Кеңес қоғамындағы адамдар үшін құдайдан кем болмаған Сталин өзі құрған жүйенің қалыбына сыймаған Булгаковты «алаканына салып», неге «кешіріммен» ұстады? Италияда жүрген Горькийдің Отанына оралуына неге мүдделі болды? Өйткені, әдебиеттің үгіт-насихаттық, тәрбиелік мәнін жақсы түсінген тоталитарлық жүйе қоғамды руханият пен мәдениеттің өсіретінін, ал қаламгерлердің жасампаздық қасиетке ие екенін жақсы түсінді.

Біз егемендік алғаннан кейін екі мәселеде қателік жібердік-ау деп ойлаймын. Бірі – ғылымды құлдыраттық, екіншісі – әдебиетті кіріптар жасадық. Соның салдарынан тұлғалардың қоғамдағы орны төмендеді. XX ғасыр ғылымға ғажайып жол ашты, қамқорлық жасады... Бірақ сол ғылыммыз глобализаторлардың қалтасында кетіп, адамзатқа қарсы жұмыс жүргізді емес пе? Пандемия көп шындықтың бетін ашты. Әдебиеттің әлсірегенін адамдар бойындағы қатыгездік пен жүгенсіздіктен аңғаруға болады. Кітап дейтін киелі дүниенің сұраныстан шығуы адам санасына жасалар озбырлық пен қаталдықтың шабуылын күшейтті. Рухани дағдарысқа ұшыраған қоғам ізгі сезімнен ада болатынына күні кеше қаңтар оқиғасының кезінде көзіміз жетті. Азған, тозған сана қатерлі. Азған адамға тонау, талан-таражға салып, таптау, өлтіре салу, өртеп жіберу түк емес.

ПРЕЗИДЕНТІМІЗДІҢ БҰЛ ШЕШІМІ – НАҒЫЗ ЕРЛІК!

Күні кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ғылым академиясының 75 жылдық мерейтойымен құттықтаған жиынына қатыстым. Жалақысы азайып, мықты мамандары өзге салаға ауысып, басынан бағы тайған Ғылым академиясы «ендігі жерде қайтадан мемлекет тарапынан қаржыландырылатын болады» дегенде, бөркін аспанға атқан ғалымдардың қуанышын тек көзбен көру керек. Мемлекет басшысының әр сөзіне ризалығы кемі жиырма рет қол соққанынан аңғарылды. Мұны ғы-



ХАЛҚЫҢДЫ АШЫНДЫРМА!»

құдіретті сөзі әркез төрімізден көрінсін



лымға жасалған қамқорлықтың, жалпы қоғамдағы іргелі болашақ өзгерістердің басы деп білдім. Кітаптан алыстап кеткен, ғылымнан бас тартып, рухани жүдеген елдерде тобырлық психология етек алатынын жаңа дәуір тарихынан күн сайын көріп келеміз. Президентіміздің бұл шешімі – ерлік! Нағыз ерлік! Ұлт ғылымын уақыт ұйығынан суырып алғандай әсер етті. Қоғамды, адамды, адамның ой-санасын, жанын сақтайтын кәсіптің иелерін тықсыра бергеннен ұлт та, билік те ұтылады. Ғылымға жасалған осы қамқорлық болашақта әдебиетке де жасалуы керек деп ойлаймын.

– **Қарап тұрсаңыз, қарабайырлық пен қатыгездік барлық жерде насихатталып жатыр. Қалыпты жайтқа айналғандықтан талғаусыз жұтып, таразыламастан санаға сіңіріп, қабылдауға мәжбүрміз. Осының бәрі идеологияда сүзгінің болмағанынан ба? Себебі неде?**

– Ұялы телефон мен интернет кітап оқымайтындар мен рухани жүдегендердің алтыннан да қымбат уақытын ұрлағанымен қоймай, адам баласын жолынан тайдырып, ой-санасын аздырудың үлкен қаруына айналды. Ғаламданған үшінші әлемді біржола тұралату үшін жасалған қатыгез құрал сияқты көрінеді. Артық айтсам... Алла кешірсін! Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) тіріліп келсе, Абай ортамызда жүрсе, бүгінгі қағынған жеріген тобыр-қоғам оларды да оңдырмай, көкпар етіп тартып, күні-түні қысымда ұстап отыратын едік. Әрине... Әлеуметтік желінің пайдасын жоққа шығара алмаймын, бірақ желі бетіндегі жойдасыз жүгенсіздік қазақ мінезінің өзгеруіне әсерін тигізіп, жалқаулыққа, тәуелділікке алып келді. Телефонға телміргендер білімнен гөрі, өсексөз, қажетсіз ақпараттың андигын болды. Адам ойы мен санасын осылайша арзандатқан ел емес едік... Ақсақалдың басынан аттап, қадірлі кісіні кемсітетіндей, жақсының жағасынан алып, жығылған бейбақты табалайтындай көргенсіз мінезді күнде көріп, көндігіп барамыз. Қорқынышты. Альберт Эйнштейннің мына айтқанын, ұнатқан болуым керек, күнделігіме (25.01.2022 ж.) көшіріп жазыпмын: «Я боюсь, что обязательно наступит день, когда технологии превзойдут простое человеческое общение. И мир тогда получит поколение идиотов» депті. Жазыпмын да: «Ұлы кісінің айтқаны келді. Жаңа ХХІ ғасыр басталғалы әлем адамзаттың бойындағы қарапайым адами қатынастардан айырыла бастады. Технология біздің бойымыздағы сезім, жанашырлық, кісілік, кішілік, адамгершілік секілді ұлы қасиеттерді мүлдем ығыстырып, тұншықтырып бара жатқан тәрізді. Бұл, әсіресе, өркениет пен жаһандандудың байыбына толық бара қоймаған, еліктеу, солықтау сатысында жүрген ұлттар үшін қауіпті» деп пікір қалдырыпмын.

– **Күнделікті не себептен жазасыз? Сұхбаттасып, сырласып, ой бөлісетін жақын-жанашырларға сенім азайғаннан ба? Ермегіңіз бе? Әлде, шығармашылығыңыздың бір бөлігі ме?**

– Менің шығармашылығымда әртүрлі көңіл толқынымен, сезімге қозғау салған оқиға ізімен жазылған күнделік жазбалар айрықша орын алады. Өмір, қоғам туралы ойларымды, шығармашылық жоспарымды, кейде заматында тіл ұшына келген өлеңдерімді де күнделігіме түсіріп отырамын... Жақында ескі күнделіктерімнің бірін ақтарып отырып, қырық жыл бұрын болған бір хикаятты кезіктірдім. «Асығыс жазбалар. 6-дәптер» деген күнделігіме (28.09.2020 ж.) түсіпті. «Екі күн болды, Армения мен Әзербайжан арасында таулы Қарабақ үшін соғыс басталды. Қырғын соғыс! Менің есіме өткен ғасырдың, 1981 жылдың бір оқиғасы түсіп отыр. Пицунда. Әдеби қордың Шығармашылық демалыс үйі. Әзербайжаннан келген Рахман Ализаде деген драматург пен Армениядан келген Петрос Мартиросян деген екі досым есіме түсіп отыр. Совет Одағы дейтін кең қолтық елдің драматургтері бас қосамыз. Біріміздің пьесамызды біріміз оқып, танысып, аудару керек болса аударуға жол ашып, шығармашылық байланыс орнатамыз...» деп басталған көлемді жазбада екі дос арасындағы сүттей ұйыған сыйластықтың аяқасты қалай төбелеске айналғаны жайлы жазылыпты. Соңынан дәлізде келе жатқанда Ярослав Стельмах: «Нурлан, ты не забудь, одну истину» деді. «Какую?» «Трудно дружить нам с русскими». «Это правда». «Сен менің айтқанымды әлі талай еске алатын боласың. Армандар да әзербайжандармен тату болуы екіталай. Армандар 1915 жылды ұмытпайды. Ал біз бастауымызды ежелгі Русьтен алатын славян тектес екі ел болсақ та, аға болғысы келетіндерге төзе алмаймыз» деп еді... Міне, атакты «Большая родня», «Кровь людская – не водица» деген атакты романдардың авторы, белгілі украин жазушысы Михайло Стельмахтың ұлы Ярослав Стельмахтың осыдан қырық жыл бұрын айтқан сөзі жадымда осымен үшінші рет жаңғырып отыр.

Біріншісі, 1989 жылы алғашқы Қарабақ қырғыны тұсында. Екіншісі, 2014 жылы ДНР, ЛНР қырғындарының тұсында, үшінші рет бүгінгі Кавказдағы екі ел арасындағы жаңа соғыстың тұсында... Славаның оншақты жыл бұрын қайтыс болғанын Иранбектен естідім. Жаны таза, жақсы жігіт еді...

Жүрегімен өмірдің бар шындығын қабылдап жүріп, ақыры «малорусь», «белорусь», «великорусь» дейтін ұғымдардың арасына сөзімен, ойымен көпір орната алмай бақиға ерте аттанып кеткен Ярослав Стельмахты ойладым. Ойлауыма себеп болған Таулы Қарабақтағы жаңа соғыс» деп жазыпмын.

«ТӨРТІПКЕ БАҒЫНУ КҮЛ БОЛУ ЕМЕС»

– **Шартарапты шарпыған мынау дүрбеленді қырық жыл бұрын болжаған досыңыз сәуегей екен, айтқаны келіп отыр ғой. Бұдан кейінгі Қырым, бүгінгі Ресей мен Украина арасындағы соғыс Қарабақтан да қиын болып, әлемді тығырыққа**

тіреді. Біздегі қаңтар қасіреті де ешқашан ұмытылмайды, қандай баға берер едіңіз?

– Айтары жоқ. Әлем тынышсыз. Қырық жыл бұрын Слава айтқан ағайын екі ел арасындағы «қайсымыз мықтымыздан» басталған өткен ғасырдың дауы, айналып келгенде Батыс пен Шығыстың алапат қырғынына жалғасқалы, міне, төртінші айға кетті... Қашан аяқталары белгісіз. Өршіп тұр.

«Жаңаөзендегі кедейшілік тақсыреті тудырған әлеуметтік наразылық еліміздің тарихына қаңтардың қанды қырғыны болып кірді. Іргеміз шайқалып барып, Тоқаевтың арқасында тоқтады. Басы мәдени үлгімен басталған наразылық шеруінің ақырын қанқұйлы топтар мен арамоилы мүдделер пайдаланды. Ежелден белгілі ескі айла – «айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылады» әкелді. Осыны ойлағанда, жүрегім қан жылады. Қазақ елінің басында бұрын болмаған қақтығыс! Қақтығыс емес, кәдімгі жүгенсіздік пен тәртіпсіздіктің көшедегі қырғын соғысы. Ұлт пен ұрпақтың ақыл мен мәдениетінің деңгейін танығар соғыс!» депкін күнделігімде. Түнгі сағат 3-те күнделікке мынандай жазба түсіпті. «Ел өміріндегі аса ауыр жағдай болды. Болмауы керек еді – болды! Болдырмауымыз керек еді – болдырдық! Өзірге адам өлімі бар ма, жоқ па, белгісіз. Алматының бас алаңында адам шошырылық ауыр қырғын болды. Президент елдегі жүгенсіздікпен бетпе-бет келді. Маңғыстау облысы мен Алматы қаласында төтенше жағдай жарияланды. Бірден-бір дұрыс шешім. Ел үшін маңызды аса ұстамды ұлт басшысының сөзі айтылды. Менің есіме Б. Момышұлының «тәртіпке бағыну құл болу емес» дейтін сөзі түсіп отыр. Қаланы қалың тұман басты. Түнімен ұйқы көрмедім. Таңғы 5.30-да көз ілдім. 7.30-да Еркебұлан келді. Ұлым ұйқы көрмей шаршап келді. Үй де, түз де тынышсыз...».

– **Аспанды бұлт торламай тұрғанда, адамның бәрі батыр ғой, сол қалың тұман басқан қаралы қаңтарда зиялыларымыздың көпшілігі бұғып қалатын әдетіне басып, дыбысы шықпай қалғанын көзіміз тағы көрді. Жұрт не істерін білмей, әрі-сәрі күй кешкен сол мазасыз күндері ақпарат құралдары арқылы сіз пікіріңізді ашық білдіріңіз...**

– Рас, 5 қаңтар күні Қазақпарат, Baq.kz сайтынан тілшілер хабарласты, екі рет өз ойымды мәлімдедім. Түнімен дүркіреп, ұлы қалаға майан салған тентектерімізді, бұзақыларымызды ақылға шақыруға ұмтылдым. Шынында да күллі Қазақстанды аяғына тұрғызып, шындық іздегені бар, адасқаны бар, мынның қаралы жігіттерді – қандастарымызды ақылға шақыруға тырыстық.

ХАЛЫҚ ЕЛ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТІ ҚОЛДАЙТЫНЫН АШЫҚ АЙТТЫ

Қаралы күндері қабырғам қайысып отырып ақпарат құралдары («ҚазИнформ») арқылы білдірген ойым мынау еді:

«Бізде бір ғана Отан бар. Ол – қазақ елі. Қазақ елінің басына талай ауыртпалық түс-

17.00 «Жан олжа» бағдарламасы
17.35 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
18.30 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
19.25 «DiNaZaur» телехикаясы
20.00 «Astana times»
20.30 «Қорықшы» телехикаясы
21.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
23.50 «Чосонның жаңа күні» корей телехикаясы
01.00 «Вопреки всему» телесериал
02.00 «Астана кеші көңілді»
03.00 «Astana times»



TALIMTV

- 07.05 Субелі сөз (Қазақша) – сұхбат
07.40 Латын
08.10 Жұмадағы жүздесу
09.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
10.00 Саулықтың сыры
10.10 «Ерте, ерте, ертеде...» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Фиратты ғұмырлар
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Жұмадағы жүздесу
14.10 Рухани байлық
14.50 Саулықтың сыры
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Көке»
17.00 Orkeni style
17.20 Менің Анам Әкем
17.40 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Жұмадағы жүздесу
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Syrgym story
19.35 ТамашаLike
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.10 «Көке»
22.00 Дара тіл
22.30 Руханият
23.00 Балалық шаққа саяхат
23.30 Сырласайық

СЕНБІ
30 ШІЛДЕ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.45 Әзіл кеші
8.00 Алақай, демалыс!
9.00 Ура, каникулы!
10.00 Детский кино клуб.
«Принцесса Сисси.
Любовь с первого
взгляда»
11.30 Программа о ЖКХ «Обо
всем без купюр»
12.00 Концерт. «ALMATY
DREAM PARTY»
13.00 Әсем әуен
13.30 Әзіл кеші №10
15.00 Женский кино клуб. «Я
тебя никому не отдам»
19.00 BOLLYWOODтан
махаббатпен!
Мелодрама «Сүйгенім
бол...»
22.20 Мужской кино клуб.
Стивен Сигал в боевике
«Контракт на убийство»
0.00 Мужской кино клуб.
«Лучшие из лучших»
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Теледәрігер»
7.30 AQRARAT
8.00 «Дәуір даналары».
Деректі фильм
8.45 «Көңіл толқыны»
10.00 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая.
12.00 «Әзіл әлемі»
14.15 ТҰСАУКЕСЕР!
Дисней ұсынады.
«ОЙЫНШЫҚТАР
ХИКАЯСЫ».
Мультфильм
15.35 «ТАҒДЫРЫМ, САҒАН
РИЗАМЫН». Сұлушаш
Нұрмағамбетованың
шығармашылық кеші
17.35 «КҮЙ-КЕРУЕН»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая.
20.00 ТҰСАУКЕСЕР! Дисней
ұсынады. «ГАРФИЛД
2». Анимациялық
көркем фильм (АҚШ,
Ұлыбритания, 2004 ж.)
21.10 Қуандық Рақымның
концерті
22.00 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.00 «Біржан сал». Көркем
фильм («Қазақфильм»,
2009 ж.)
1.10 «Көңіл толқыны»
1.50 «Теледәрігер»
2.40 «Дәуір даналары».
Деректі фильм
3.30 «Жәдігер»
3.50 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «Давай
найдем друг друга»
7.00 Телехикая марафоны.
«Өз үйім 2»
9.00 Тарих. Тағдыр. Тұлға
10.00 «Tangy fresh»
10.30 «Ән әлемі»
11.00 Кино.
«Шырақшы»
12.45 Телехикая марафоны.
«Келінжан 3»
16.00 Телесериал. «Давай
найдем друг друга»
18.00 Мегахит. «Невидимый
гость»
20.00 «Aitystar»
22.00 Документальный
фильм. «Всемирный
день борьбы с
торговлей людьми»

23.00 Футбол.
«Фиорентина –
Галатасарай». Прямая
трансляция из Италии
ҚР Әнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тәтті шоу
08.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ALL»
09.30 Готовим с Адель
(повтор)
10.00 КИНО. «Күйеу берсең,
күш бер 2»
12.00 Алдараспан
(қайталау)
14.30 Анимационный фильм
«Конь Юлий и большие
скачки»
16.10 КИНО. Асель
Садвакасова, Абунасыр
Сериков в комедии
«Семьянин»
18.00 КИНО. Джеки Чан в
комедийном боевике
«Младенец на \$30 000
000»
20.30 КИНО. Сильвестр
Сталлоне, Джейсон
Стэйтем в боевике
«Неудержимые 3»
«Bizdin show»
(қайталау)
01.00 What's up?
01.30 «31 әзіл»
02.30 Тамаша live
03.30 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.35 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
8.05 «П@УТИНА»
бағдарламасы
9.00 Константин Соловьёв,
Ольга Филиппова
в фильме «ВСЕ К
ЛУЧШЕМУ»
13.00 Домогаров, Наталия
Варфоломеева,
Анастасия Микульчина
в фильме «БЕЛАЯ
НОЧЬ, НЕЖНАЯ НОЧЬ»
15.00 «QOSLIKE»
бағдарламасы
18.25 «ӘКЕМІЗГЕ
ҚАЛЫҢДЫҚ»
бағдарламасы
19.40 «DASTARXAN»
бағдарламасы
21.00 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
22.15 Иван Жидков в
многосерийном
фильме «ВТОРОЙ
БРАК»
2.05 «П@УТИНА»
бағдарламасы
2.50 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
4.20 «DASTARXAN»
бағдарламасы
До 5.20



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/п «Регина +1»
07.50 Т/п «Орёл и решка»
08.50 Х/с «Забывая женщину»
13.00 Реалити-шоу
«Моя игра»
13.30 Алдараспан 10 жыл
18.00 Т/х «Тақиясыз періште»
18.30 Шоу «Удивительные
люди»
21.00 Х/ф «Падение Лондона»
23.15 Шоу «Ну-ка все вместе»
01.30 Т/п «Орёл и решка»
02.30 Т/х «Тақиясыз періште»
04.20 Т/п «Регина +1»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ҮЛКЕН ҮЙ», отандық
телехикая
07.40 «БІЗДІҢ ҚОНЦЕРТ»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-
ХАНШАЙЫМ»,
реалити-шоу
09.20 «ЮМОРИНА»,
шоу-программа
11.00 «ДРУГОЙ», мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
15.00 «АТАЛАР СӨЗІ»,
өзбек телехикаясы. С
субтитрами на русском
18.00 «OZAT OTBACЫ»,
ток-шоу
19.00 «ШӘМШІ ӘНДЕРІНІҢ
КЕШІ», ән-шашу
21.00 «ДРУГАЯ ЖЕНЩИНА»,
мелодрама. В ролях:
Анна Невская, Никита
Салопин (худ.сериал)
00.50 «ИГРА. РЕВАНШ»,
остросюжетный
детектив (повтор)
(худ.сериал)
02.20 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы (қайталау)
03.45-
04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-
ХАНШАЙЫМ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ТЕННИС. Challenger 80
09.05 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар
Лигасының журналы
09.40 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар
Лигасы. Беларусь –
Қазақстан
11.50 «PRO FOOTBALL».
Маусым қорытындысы
12.20 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. «Жетісу» –
«Қуаныш» (Әйелдер).
1 тур
14.35 «Боз кілемге барын
салған». А.Кебіспаев.
Деректі фильм
15.10 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ».
2 сезон. 5 выпуск
15.35 «АЛАМАН».
3 бағдарлама
16.00 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. «Павлодар» –
«Алтай» (Ерлер). 1 тур
18.15 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар
Лигасының шолуы
19.00 «SUPER BOL!».
4 выпуск
19.55 Деректі фильм
20.25 «PRO FOOTBALL».
Итоги сезона
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Кубогы.
«Ақтөбе» – «Тараз».
Тікелей эфир
23.00 «Су – тіршілік көзі».
Деректі фильм
00.30 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
7.40 «Смайтиктер»
Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
8.30 «Дарын мен Айзере»
ситком
8.45 «Тәуекел» спорттық
бағдарламасы
9.05 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус»
Мультхикая.
9.35 «Ботақаным»
ойын-сауықтық
бағдарламасы
10.00 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
10.30 «Көке» ситком
10.45 «Зак дауыл»
Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы»
ойын-сауықтық
бағдарламасы
11.20 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
11.55 «Айгөлек» музыкалық
бағдарлама
12.20 «Табиғат сақшылары»
ситком
12.45 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Маржан тіс»
13.20 «Сарай коргилері»
толықметражды
мультфильм
14.40 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық /
«Менің елім»
15.10 «Ежелгі қалаларға
саяхат» ақпараттық-
танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық /
«Ағаш ат»
15.30 «Смайтиктер»
Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзере»
ситком
16.25 Анимация. Отандық /
«Алан мен Қозықа»
16.55 «Көке» ситком
17.20 «Қонжық Расмус»
Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы»
ойын-сауықтық
бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
18.35 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
18.50 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық /
«Алан мен Қозықа»
19.50 Анимация.
Отандық /
«Ырысты ыдыстар»



ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кеш келген махаббат»
үнді телехикаясы
11.20 «Шаншар»
15.20 «Громовы» телесериал
19.10 «Районы» худ. фильм
21.00 «Жылама, ана» түрік
телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат»
үнді телехикаясы
00.00 «103» телесериал
01.40 «Үздік әзілдер»



TALIM TV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Әнер қырандары
09.00 Қазақ спортының
классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Саулықтың сыры
10.10 Біздің жанұя
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» –
Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.10 Саулықтың сыры
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 Қышқыл мысқыл
14.10 Емен жарқын
14.50 Саулықтың сыры
15.00 «Сырласайық»
(Архив) –
Қайталау
16.00 Ұлы дала комедиясы
18.00 Тәтті time
18.50 Денсаулық сыры
19.00 ТамашаLike
19.15 Саммари 100 кітап
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.10 25 сағат
22.00 Talim Speakers
22.30 Руханият
23.00 Пруст сауалнамасы
23.30 Саморазвитие с
Маржан коуч



«БІРЖАН САЛ». Көркем фильм.
«Қазақстан» арнасы. Сағат 23.00-де.

ЖЕКСЕНБІ
31 ШІЛДЕ

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
6.45 Әзіл кеші
8.00 Алақай, демалыс!
9.00 Ура, каникулы!
10.30 Детский кино клуб.
«Мобильный воин
Гандам. Нарратив»
12.00 Әсем әуен
13.30 Әзіл кеші №1
15.00 Женский кино клуб.
«Прошлое умеет
ждать»
19.00 Әсем әуен (Мерекелік)
20.00 BOLLYWOODтан
махаббатпен!
Комедиялық боевик
«Атылған оқ»
22.40 Мужской кино клуб.
Стивен Сигал в
боевике «УБИЙСТВО
САЛАЗАРА»
0.20 Мужской кино клуб.
Эрик Робертс в
боевике «Лучшие из
лучших-2»
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Теледәрігер»
7.30 «Зинһар»
8.05 «Көңіл толқыны»
8.40 Дисней ұсынады.
«Ойыншықтар
хикаясы». Мультфильм
10.00 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая.
12.00 Димаш Құдайбергннің
концерті
14.05 Дисней ұсынады.
«Гарфилд 2».
Анимациялық
көркем фильм (АҚШ,
Ұлыбритания, 2006 ж.)
15.15 «Біржан сал». Көркем
фильм («Қазақфильм»,
2009 ж.)
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая.
20.00 «ДАЛАМ МЕНІҢ» «ДОС
МҰҚАСАН» ансамблінің
концерті
22.00 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.00 «Әзіл әлемі»
0.40 «Күй-керуен»
1.05 «Мұра». Деректі фильм
1.25 «Теледәрігер»
2.15 «Зинһар»
3.00 «Ауылдастар»
3.25 «Жәдігер»
3.45 Әнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «Давай
найдем друг друга»
7.00 Телехикая марафоны.
«Көршілер»
9.00 Концерт. «Жүрегім ақ»
Айқын Төлепберген
11.00 Кино.
«Шырақшы»
12.45 Телехикая марафоны.
«Келінжан 3»
16.00 Телесериал. «Давай
найдем друг друга»
18.00 Мегахит. «Невидимый
гость»
20.00 «Aitystar»
22.00 Футбол.
«Марсель – Милан».
Прямая трансляция
из Франции
0.00 Телехикая марафоны.
«Бері»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой
эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Ералаш
10.30 Мультсериал «Маша и
медведь»
11.00 Анимационный фильм
«Анимационный фильм
«Конь Юлий и большие
скачки» (повтор)
12.50 КИНО. Асель
Садвакасова,
Абунасыр Сериков в
комедии «Семьянин»
(повтор)
14.40 КИНО. Джеки Чан в
комедийном боевике
«Младенец на \$30 000
000» (повтор)
17.40 КИНО. Сильвестр
Сталлоне, Джейсон
Стэйтем в боевике
«Неудержимые 3»
(повтор)
20.10 КИНО. Том Хэнкс в
триллере «Ангелы и
демоны»
23.00 «Алдараспан»
02.00 КИНО. «Күйеу берсең,
күш бер 2» (қайталау)
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.35 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
8.05 «П@УТИНА»
бағдарламасы
9.00 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
9.15 Константин Соловьёв,
Ольга Филиппова
в фильме «ВСЕ К
ЛУЧШЕМУ 2»
13.20 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
15.00 «QOSLIKE»
бағдарламасы
18.25 «ӘКЕМІЗГЕ
ҚАЛЫҢДЫҚ»
бағдарламасы
19.40 «ДАСТАРХАН»
бағдарламасы
21.00 Антон Батырев,
Зоряна Марченко
в многосерийном
фильме «ПРОДАЕТСЯ
ДОМ С СОБАКОЙ»
1.00 «ТРИ АККОРДА»
2.40 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.25 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
4.55 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
До 5.20

7-КАНАЛ

- 06.00 Күлкістан
09.00 Шоу «Музыкальная
интуиция»
10.50 Х/ф «Падение
Лондона»
13.00 Реалити-шоу
«Моя игра»
13.30 Шоу «Один в один»
16.20 Алдараспан 10 жыл
21.00 Х/с «Всё сначала»
01.15 Шоу «Музыкальная
интуиция»
03.00 К/ф «Биші қыз»
04.20 Т/х «Япырай»
04.50 Т/п «Қуырдақ»

КТК

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ҚАЗАҚ ҚЫЗҒА
ҮЙЛЕНЕМ»

- 08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-
ХАНШАЙЫМ»,
реалити-шоу
09.20 «ЮМОРИНА»,
шоу-программа
11.20 «ДРУГАЯ ЖЕНЩИНА»,
мелодрама (повтор)
(худ.сериал)
15.00 «АТАЛАР СӨЗІ»,
өзбек телехикаясы. С
субтитрами на русском
18.00 «OZAT OTBACЫ»,
ток-шоу
19.00 «XII-VII», Нұрболат
Абдуллиннің ән шашуы
21.00 «СЛЕДУЯ ЗА
СЕРДЦЕМ»,
мелодрама. В ролях:
Дана Абызова, Кирилл
Жандаров (худ.сериал)
00.40 «ИГРА. РЕВАНШ»,
остросюжетный
детектив (повтор)
(худ.сериал)
02.10 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы (қайталау)
03.45-
04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-
ХАНШАЙЫМ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Әнұран
07.05 ТЕННИС. Challenger 80
09.05 «Боз кілемге барын
салған». А.Кебіспаев.
Деректі фильм
09.40 «SUPER BOL!».
4 выпуск
10.35 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Кубогы.
«Шахтер» – «Жетісу»
12.40 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар
Лигасының шолуы
13.30 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. «Ертіс» – «Ару-
Астана» (Әйелдер).
1 тур
15.10 «PRO FOOTBALL».
Маусым қорытындысы
15.45 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ».
2 сезон. 5 выпуск
16.10 «Карагандинский
талант настольного
тенниса». Специальный
репортаж
16.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. «Есіл» –
«Буревестник» (Ерлер).
1 тур
18.25 Деректі фильм
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Кубогы.
«Астана» – «Тұран».
Тікелей эфир
20.55 «SUPER BOL!».
4 выпуск
21.50 ФУТБОЛ.
Чемпионат Европы
среди женщин.
Финал.
Прямой эфир
23.50 ФУТБОЛ.
УЕФА Еуропа мен
Конференция
Лигасының шолуы
00.40 Әнұран

BALAPAN BALAPAN

- 7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
7.40 «Смайтиктер»
Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
8.30 «Дарын мен Айзере»
ситком
8.45 «Тәуекел» спорттық
бағдарламасы
9.05 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус»
Мультхикая.
9.35 «Көңілді жексенбі»
отбасылық сайыс
10.00 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
10.30 «Көке» ситком
10.45 «Зак дауыл»
Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы»
ойын-сауықтық
бағдарламасы
11.20 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
11.55 «Айгөлек» музыкалық
бағдарлама
12.20 «Табиғат сақшылары»
ситком
12.45 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Маржан тіс»
13.20 «Тентек»
телехикаясы
13.55 Анимация. Отандық /
«Екі дос»
14.05 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық /
«Жібек»
14.40 «Ақылды тентектер»
Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық /
«Менің елім»
15.10 «Ежелгі қалаларға
саяхат» ақпараттық-
танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. «Глобус»
15.30 «Смайтиктер»
Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзере»
ситком
16.25 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы кітаптар»
16.55 «Көке» ситком
17.20 «Қонжық Расмус»
Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы»
ойын-сауықтық
бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
18.35 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
18.50 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы кітаптар»

- 19.50 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
20.25 «Тентек» телехикаясы
20.55 Анимация. Отандық /
«Менің елім»
21.05 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
21.30 «Табиғат сақшылары»
ситком
21.55 «Зак дауыл»
Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері»
кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі»
Мультхикая.
23.05 «Айгөлек» музыкалық
бағдарлама
23.35 «Ақылды тентектер»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.30 «Кеш келген махаббат»
үнді телехикаясы
11.20 «Күлпәштің хикаялары»
сериал
15.20 «Алдараспан»
19.40 «Тік-Ток хаус»
телехикаясы
21.00 «Жылама, ана» түрік
телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат»
үнді телехикаясы
23.35 «Районы» худ. фильм
01.40 «Тік-Ток хаус»
телехикаясы
02.50 «Үздік әзілдер»

TALIM TV TALIMTV

- 07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар.
Алтын қор
10.00 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала
демеңіз» – Балалар
уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.30 Рухани байлық
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Саулықтың сыры
15.00 РЕКЕТИР-1
16.30 РЕКЕТИР-2
18.35 Балалар сөзі – өсиет
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Дара тіл
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style




«ДАЛАМ МЕНІ». «Дос-Мұқасан» ансамблінің концерті.
«Қазақстан» арнасы. Сағат 20.00-де.



ОҚЫС ОҚИҒА

ПЫШАҒЫН ЖАЛАҢДАТҚАН АДАМ ҰСТАЛДЫ

Алматыда Ұлттық ұлан сарбазы беймезгіл уақытта екі әйелге күш көрсетіп, пышақ сілтеген ер адамды ұстады.



Бізге Ұлттық ұланның баспасөз қызметі ұсынған бейнежазбаны қарап отырсаңыз, денеңіз түршігіп кетеді. Түнгі мезгілде көшеде кетіп бара жатқан әйелдің артынан жүгіріп жеткен ер адам оны қолындағы әлдебір затпен аяусыз, үздіксіз ұрғылай бастайды. Жерге құлаған әйел екі аяғымен ауа қарманып, қорғанып әлек.

Оқыс оқиға былай болған екен. 18 шілдеде сағат 23.50 кезінде Ұлттық ұланның 5571 әскери бөлімінің әскери қызметшісі Жаркынбек Айдарханбеков үйінде отырған сәтінде сырт-

тан жанұшыра айқайлаған дауысты естиді. Жүгіріп шыққанда, «Қалқаман-2» ықшамауданындағы Лапин көшесі, 21-үйдің алдында белгісіз ер адамның әйелге шабуыл жасап жатқанын көреді. Сол уақытта әйелге көмекке ұмтылған тұрғынға да әлгі бұзақы қолындағы пышағын жалаңдатқан, сөйтіп ол да жарақат алған.

Аға сержант Айдарханбеков көмек көрсету үшін дереу оқиға орнына жүгіріп жетеді. Сарбазды көрген бұзақы сол мандағы зиратқа қарай қашқан. Ұландық жауынгер оның соңынан қуып,

жол-жөнекей «жедел жәрдем» мен полиция қызметіне хабар беріп үлгереді.

Жаркынбек түн мезгілі болса да сытырлаған дыбыс пен ентіккен даусынан қылмыскерді бой тасалап отырған жерінен ұстап алады. Жедел медициналық көмек пен полиция қызметкерлері келгенше, тұтқынды уысынан шығармай ұстап тұрады.

– Не болып жатыр деп ойла- нып тұратын уақыт та болған жоқ. Байқағаным, қыз бала жерде әлсіреп жатты. Не болса да оған зәбір көрсеткен адамды қолға түсіруді көздедім. Мұндай жауыз- дық жазасыз қалмауы керек, – дейді сарбаз.

Аға сержант Айдарханбеков ұсталған қылмыскерді оқиға орнына келген полиция қызметкерлеріне тапсырған. Зардап шеккен әйелдерге алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, ауруханаға жеткізілді.

Алматы қаласы Полиция департаменті аталған деректі растады. Департаменттің хабарлауынша, аталған факті ҚР ҚК-нің 106-бабы 2-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркелді.

– Күдікті 31 жастағы ер адам ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қазіргі уақытта Наурызбай аудандық Полиция басқармасы істің мән-жайларын анықтау үшін жан-жақты толық тергеуге бағытталған іс-шараларды жүргізіп жатыр, – деді мегаполис полициясының өкілдері.

ШАҒЫН ФУТБОЛ



ОЛАР СЕРГЕК ӘРІ ШИРАҚ

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде кәмелетке толмаған сотталған жасөспірімдер арасында Алматы қаласындағы «Қайрат» футбол клубы» ЖШС-ге қарасты «Пехлеваниди» академиясының аға тренері Ә.Гасановпен бірлесіп, шағын футболдан жолдастық кездесу өтті.

Футбол – әлемдегі ең танымал спорт түрі. Сондықтан оған жастардың ынтасы өте жоғары. Сотталып, темір торда жазасын өтеп жатқан жасөспірімдердің жазғы демалысты қызықты өткізу үшін футбол ойынын дәстүрге айналдырғандарына біраз болған.

Шағын футбол жарысына «Қайрат» футбол клубы» ЖШС құрамынан 14 жасөспірім, түзеу мекемесінен жазалы балалардан құралған «Барыс» командасы қа-

тысты. Жасыл алаңдағы ойын қызықты да тартысқа толы өтті. Бойында күш-қуаты тасыған жас ойыншылар бірінен-бірі аспаса, кем түспеді деуге болады. Есеп – 9:5, ЛА-155/6 мекемесінің «Барыс» командасы жеңіске жетті. Жүлделі команда марапатталды.

Мұндай жарыстар балаларды сергек етуге, ширақ болуға үйретеді және бос уақытын көңілді өткізуге дәнекер болып, салауатты өмір салтын ұстануға шақырады деп білеміз.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Соңғы кездері жиі көтеріліп жүрген электрлі самокаттар тақырыбы әлі де күн тәртібінен түсер емес. Біз де осы мәселеде байқағанмызды, көкейге түйгенімізді айта кетсек деп едік.



Суретті түсірген автор.

БАРДЫҢ ҚАДІРІН БІЛЕЙІК

Алматының Әл-Фараби даңғылы кең де ұзын көшелердің бірі, жаяу жүргіншілерге арналған жолдары да тиісінше кең. Соған орай кең тыныстап еркін жүресің. №62 автобус терезесінен даңғылдың әдемілігіне, қолдан отырғызылған қызыл-ды-жасылды гүлдеріне, қаланың жасыл желектеріне сүйсіне қарап, жүйткіп келе жатқан едік, арғы беттегі жол шетінде тұрған бір электрлі самокатты өз алдына кетіп бара жатқан бір еркек алдындағы арыққа қарай бар пәрменімен теуіп кеп қалғаны. Жай тұрған темірде не ақысы кетті екен дедік іштей. Сол манда бейне-бақылау болса, әлгі жүгенсізді жазаласа ғой деген ой да қылаң бергені рас. «Анау жок, мынау жок, үкімет не қарап отыр» деп зар илейтін де өзіміз, жасап берген жағдайды бағаламай, бүлдіруге, сындыруға құмар да сол өзіміз!

Қоғамдық көліктің осы бір шағын, қолайлы түрі, яғни электрлі самокаттар біз жұтатын ауа таза болсын, ел-жұрт кептелісте қалмай, кез келген жұмысына дер шағында жетсін деп шығарылған еді о баста. Иә, сарапшылар самокаттарға сұраныс таңғы және кешкі уақыттарда артатынын айтып жүр. Бүгінде қаланың әрбір оныншы тұрғыны электрлі самокатты тізгіндейді. Бірақ соның да қадіріне жете алып жүрміз бе?

Міне, таңмен жұмысқа келе жатсам, аяқ жолымда бір самокат тұр, мініп келіп қалаған жеріне тастап кете барған жолаушының «қалғандарың сүрініп құласаң өзің біл, өзім әйтеуір дйттеген жеріме жетіп алдым» деген тірлігі. Үйіміздің мүлкі болса дәл солай немқұрайлы қарамас едік, ә? Өзіме ғана болсын деген өлермендіктен гөрі, өзгеге де жақсылық болсын, жақсы-

лығым тисін деген ниетіміз болса, бәріміз де бүгінде жайлы тіршілік кешіп жүрер едік-ау. Мұндайда «қоғамға пайдаң тимесе қойсын, кесіріңді де тигізбеші, айнала-йын» дегің келіп кетеді.

Кеше кешке жұмыстан шыға қалсам, тура біздің есік алдында (Шевченко мен Масаншы көшелерінің қиылысы) бір самокатқа мінгесіп алып, екі ару заулап барады. Ал қарсы келе жатқан көлікте сан жок. Оқыс жағдай орын алса, кімді кінәлар еді сол қыздар?!

Ару Алматы – үлкен-кішіге бірдей ұнайтын, сырт мейманды да магнитше тартып тұратын, ешкімді жатсынбайтын, құшағына ала кететін көркем, мәдениетті қала, руханияттың, тың жобалардың орда-сы. Сондықтан соған сай бола білейік деген тілегіміз бар. Алматыны әдемі ету – өз қолымызда!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

• Енді электрлі самокаттармен жаяу жүргіншілер жолағында, саябақтарда және бұқаралық іс-шаралар өтетін қоғамдық орындарда жүруге тыйым салынады.

• Самокатты көрінген жерге тастап кете беретіндер немесе қосарланып мінгесіп алатындар айыппұл төлейтін болады.

• Себебі, кейінгі кездері қалада мопед, электрсамокат, монодөңгелек секілді көлік құралдарын тізгіндегендер жол апатына жиі ұшырай бастаған.

Бетті дайындаған
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



● НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

АТАСЫ БАРДЫҢ БАТАСЫ БАР МА?



Атам қазақта батаның түрі көп. Шілдехана, тұсауке-серден бастап, барлық жиын-тойда, ұл-қызың алыс сапарға шығарда да, ас қайырғанда да, Наурызда жарапазан айтқан балаларға да, тіпті, сойылған соғым басына, жиналған егінге де бата берген.

ТОЙ ҮСТІНДЕ

Екі жастың үйлену тойына жайылған дастарханға жайғастық. Асаба әулеттің үлкенінен дастарханға бата сұрады. Келіншек алып жатқан ұлдың нағашы атасы екі қолын жайып, сәл абдырап қалды да:

— Ал не дейін, екі жас бақытты болсын! Дендері сау болсын! Өмір жастары ұзақ болсын! Екеуі де әрдайым биіктен көріне беруіне тілектеспіз, осындай кең дастархан басында бас қоса берейік! Әумин! — деп бетін сипады. Біз де бетімізді сипадық. Бірақ қатар отырған кісілер бір-бірімізге қарап, сәл қозғалақтап қойдық, «бұл бата ма, әлде тілек болды ма?» дегенде.

Өкінішке орай, «бата берер ақсақалдарымыз азайып бара жатыр» деген сынның айтылып келе жатқанына да біраз жылдың жүзі болды, әлі де нәтиже шықпапты.

● ЕСТІ СӨЗ

Тастыбай СӨРСЕНБИН, зейнеткер-ұстаз:

Ұрпағымыз тайлы болсын

Жасың ұлғайған сайын той-томалаққа, асқа жиі шақырады. Үлкен деп бата сұрайды. Екі сөздің басын құрай алмай отырсаң, бала-шағадаң ұят қой деп, кезінде әкеңнің беретін баталарын жаттап алғанмын. Ұлым мен немерелеріме де үйретіп қойдым. Әйтеуір күндердің күнінде бір кәдесіне жарайтынын білемін.

Иә, құдайым оңдасын,
Қыдыр бабам қолдасын!
Бәрімізге шалқыған
Бақыт пен байлық орнасын.
Аспанымыз айлы болсын,
Ұрпағымыз тайлы болсын.
Көңіліміз жайлы болсын,
Тұрмысымыз сайлы болсын.

Күніміз жарық болсын,
Ұлдарымыз алып болсын.
Қолдаушымыз халық болсын,
Айтқаным келе берсін,
Құдайым бере берсін!
Әумин!

Қуаныш қайырлы болсын,
Жастар абыройлы болсын.

сақалдан, өнегесі мол қариядан күткен. Ал бүгінгі үлкендеріміздің тілек пен батаны шатастырып жүргені өкінішті.

БАТА ҚАЙСЫ, ТІЛЕК ҚАЙСЫ?

Батаның өзі — тұнып тұрған өсиет, нақыл, тәрбие бұлағы. Халқымыздың ежелгі тұрмыс-салтымен ұштасып жатқан батада ағайын-туыс, жекжат-жұрағаттың бір-біріне деген ыстық ықыласы, пейілі жатқан. Сондықтан қазақтың қариялары кісілікке, кішілікке, имандылыққа, мейірімге, жақсылыққа, ынтымаққа, береке-бірлікке үндейтін батасын жастарға барынша шын ықыласымен, мағыналы беруге ұмтылған. Ал көкірек көзі ояу, алдағы күндерден үміті бар жастар жағы дана қарттарды әдейі іздеп барып, батасын алатын болған.

XIX ғасырдың аяғында Сібір халықтары мен солтүстік өңір қазақтарының тұрмыс-тіршілігін зерттеген этнограф-ғалым В.Васильев: «Қазақ даласында болған адам сол халықтың батаға қандай ерекше назар аударғанын аңғарар еді. Бата — қазақ поэзиясының ерекше түрі, онда бата беруші адамның үй иесіне деген шын жүректі жарып шыққан ықыласы, пейілі, ақ ниеті, Алладан тілер тілегі поэзия түрінде актарыла айтылады», — деген жазба қалдырған екен.

Ал тост дегеніміз — бұл арақшарап құйылған ыдысты ұстап тұрып, көпшілікке тілек-сөз айту арқылы христиандық әдеп негізінде қалыптасқан дәстүр дейді зерттеушілер. Сондықтан біз сөз етіп отырған, ұрпақ үшін тәлім-тәрбие болған бата екеуінің арасы жер мен көктей.

Бата көбінесе жастарға арналады. Қонақтар арасында үлкен адам болмаса, көптің рұқсатымен жас та болса бас боларлық жолы үлкен жас адам бере береді. Ал ерлер отырғанда әйел бата бермейді. Әйелдер арасында сөз білетін бір ер бала отырса, әуелі сол бата беруге тиіс.

Уайымдары жоқ болсын,
Көңілдері тоқ болсын,
Адал еңбек арқасында,
Табыстары мол болсын.
Алақандары ашық болсын,
Өмірге майшық болсын!

Күйбең қағып кейін қалмай,
Жаңалыққа ғашық болсын.
Ұрпақтары ер болсын,
Кемеңгерлермен тең болсын.
Оларды көре алмағандардың,
Бедел-берекеті кем болсын.
Әумин!

● ОҚЫРМАН ОЙЫ



Сурет ғаламтордан алынды

ТАҚИЯ КИСЕ ДЕЙМІН

«Almaty aqshamy» газетінің биылғы 16 маусым №68 санында біздің «Орамал» деген тақырыппен мақаламыз жарияланған болатын. Онда «қыз бала мектепке орамал тақсын» немесе «тақпасын» деген бағытта екіге жарылған пікірлер тұрғысында мәселе көтерілген болатын.

Редакциямызға Сұлушаш Молдажанқызы деген алматылық тұрақты, көзқарасты оқырманымыз телефон соқты. «Орамал» тақырыбында айтары бар екен.

— Анам молдадан сауат ашқан кісі еді. Есімде, бала күнімізде бізді жалаңбас жүргізбейтін, басымызға шақ тақия, әлде телпек дейміз бе, бас киім киіп жүретінбіз. Тақиямыздың төбе жағы биіктеу болып келетін. Оған әркім жағдайына қарай үкі, моншақтар қадап немесе шашақ тағып қоятын. Ал біз Кеңес заманында оқыдық, мектепте жалаңбас жүрдік. Қазір де балаларды орамалмен тұмшалап қоюға қарсымын. Осы орайда бір ойым айтады, қыздарымыз бірыңғай мектеп формасының түсіне сай тақия кесе қалай болар екен деп. Әрине, мектепте үкі тағып жүрген жарамас, бірақ тақияның өзі-ақ қыздарға әдемі жарасып кетер еді. Шаштары да жалбырап, жалаңбас жүрмейді. Әдемі киім киген бала әдемілікке өзі-ақ ұмытылып өседі деген ойдамын, — деді 85 жастағы Сұлушаш апайымыз.

Бұл мәселенің алдағы уақытта әлі де көп талқысына түсетіні анық.

● ДӘСТҮР



БӘСІРЕ. Баланың дүниеге келуі малдың төлдеуімен сәйкес келгенде, балаға жаңа туған құлын, козы немесе лақ сыйлаған. Бұл кішкентайдың бірінші заңды меншігі болып саналатын. «Бәсіре» ешқандай жағдайда сатылмаған.

ИТКӨЙЛЕК. Өмірдің алғашқы 40 күнінде сәбиге кигізген көйлектің бірін арнайы рәсім үшін пайдаланған. Оған тәттілерді орап, ауыл иттерінің мойнына байлап жіберетін. Осы сәтті асыға күткен балалар бірден итті ұстап, бір-бірімен тәттілерді бөліседі. Баласы әйелдер де балаларға бар дәмдісін ұсынатын болған. Мұндай көйлек сәттілік әкеліп, олар көп ұзамай балалы болады деген ырым болған.

КӨГЕНТҮП. Қазақ алыстағы туыстарына қонаққа барғанда, олар өздерімен бірге баласын ертіп, сәби алғаш рет болған әрбір үйде, осы айтұлы оқиғаның құрметіне оған үй иелері мал атайтын болған. Бала үшін мұндай сыйлық үлкен қуаныш үшін себеп болды, ал оның ата-аналары үшін оларға ерекше құрмет көрсету дегенді білдірген.

ҮЛКЕН БАЛА. Қазақ дәстүрлеріне сәйкес, отбасында бірінші немересі ата-әжесінің тәрбиесіне беріледі. Бала туғаннан бастап әже мен атасында тұрады, олар оны өз баласы ретінде өсіреді. Бала тіпті оларды анасы мен әкесі деп санаған.

АУНАТУ. Қазақ мейманы отырған және түнеген жерге өз балаларын отырғызған. Балаға сол адамның дарындылық генінің бөлігі өтеді деп ырымдаған. «Туған жерге аунату» дәстүрі де бар. Бұл — туған жерінен көп жылдар жырақ тұрған адам Отанына оралғаннан кейін жерге жататын дәстүр.

● ӨМІРДІҢ ӨЗІ

БАҚЫТТЫ КҮНДЕР АЛДА

Кәмшаттың алғашқы некесінен бір баласы бар. 2018 жылы екінші рет тұрмыс құрды. Жас әйел екінші күйеуімен бас қосарда кейде кездесулерге кішкентай ұлын да апарып жүрді.

Болашақ жарының баламен алғашқы күні-ақ тез тіл табысып кеткеніне қуанды. Оның көңілін аулап, бірге ойнай кететіні ұнады. Сөйтіп, Кәмшат ол жігітпен көп ұзамай бас қосты.

Иә, алғашында бәрі жақсы болды. Тату-тәтті күндер кеше бастаған. Бірақ жас отбасының басына бұлт үйіріле бастады. Қайын атасына Кәмшаттың ұлы ұнамай-ақ қойды. Кішкентай бала «отырса — опақ, тұрса — сопақ» күй кешті. Үлкен кісілер онымен бір



дастарханда отырғысы келмеді, тамақты аяды, көп ішіп қойды деді, әйтеуір сылтау табыла кететін. Күндердің күнінде ата-енесі «біреудің баласын асырап, баға алмаймыз» деген уәжін айтты. Сөйтіп, Кәмшат үйден кетуге мәжбүр болды. Бірақ күйеуі Кәмшатты жақтап, үшеуі бөлек шықты.

Ата-анадан бөлек кеткендерімен, алаңсыз өмір сүре алмады. Күйеуі бар тапқанын ішімдікке жұмсады. Одан қалғанын «олимпке» салатын. Сөйтіп, олар ақшадан тарыға бастады, тіпті, жалға алып отырған пәтерінің ақысын төлеуге шамасы жетпей, қарыз да қордалана бастады. Күйеуі қол көтеретінді шығарды. Достарымен ішіп жүріп, үйге апталап оралмайтын жағдайға жетті. Ол енді бөтелкелес достарын үйге әкеле бастады. Олардың көзінше де Кәмшатты сабап тастап, масаттанатын жағдайға жетті.

Жиналып қалған қарызды өтеу үшін Кәм-

шат бір әйелдің үйін жинаушы, тазалаушы болып жұмысқа кірді. Одан тапқан ақшаны да күйеуі тартып алып отырды. Бәрін құмар ойынға салып жүрді.

Кәмшат соңғы таяқ жеген сәтінде аяғы ауыр еді. «Мен сендерді асырауға міндетті емеспін!» деп кішкентай балаға да ақырып, екеуін үйден қуып шықты. Сөйтіп, Кәмшат баласымен Алматыдағы қиналған әйел-аналарды уақытша паналататын «Жансая» дағдарыс орталығына келді.

Жақында Кәмшат екінші ұлын өмірге әкелді. Тұңғышы бұған қатты қуанды. Себебі, ол бірге ойнайтын інісі болғанын армандаушы еді. Перзентханадан анасы мен інісін де шығарып алған сол кішкентай балдырған. Кәмшатқа қолымен жасаған өзгеше сыйлығын ұсынғанда, анасының көзінен жас домалап түсті. Бәлкім, оны бақытқа жеткізер осы екі ұлы болатын шығар. Лайым солай болғай!

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ЭКОЛОГИЯ



Биологиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді

Алматыда жасыл желектерді зиянкестерден қорғау мақсатында биологиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Экология және қоршаған орта басқармасының мәліметінше, Әуезов ауданының Қойшыманов көшесінде (Шаляпин – Саин көшелері арасы), Береговая көшесінде (Жандосов – Шаляпин көшелері арасы), Саин және Абай көшелері, Райымбек және Момышұлы көшелері қиылысындағы жолайрық бойында, «Таугүл-1» ықшамауданындағы ботаникалық бақта биологиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Басқарма өкілдерінің мәліметінше, жұмыс барысында Қазақстан аумағында қолдануға рұқсат етілген «Green Gold» сертифицирталған биологиялық препараты қолданылды. Бұл препарат зиянкестердің санын нақты бақылауды, сондай-ақ ұзақ мерзімді қорғауды және жоғары тиімділікті қамтамасыз етеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БІЛІМ

Мектептерде – цифрлы білім



Рая
ЕСКЕНДІР

Қаламызда «Алматы мектептері» білім беру қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамытудың үш жылдық бағдарламасы басталды. Аталмыш бағдарлама қаладағы 150 мектептің сапалы жаңа білім беру ортасын құруға бағытталып отыр.

Бағдарлама аясында 50 мектептің басқару кадрларын қайта даярлау, 3000-нан астам педагогтың біліктілігін арттыру жұмыстары басталды. Сонымен қатар, 1000-нан астам жоғары сынып оқушылары АТ және креативті индустрия мамандықтары бойынша оқытылып, цифрлық симуляторлар мен ресурстар қолжетімді болып отыр. Биыл тұңғыш рет Digital Ustaz Almaty сандық кәсіби шеберлік байқауының өткізілуі аталмыш бағдарламаның маңыздылығын білдіреді.

АУА РАЙЫ



Ыстық бет қаратпай тұр

Осы аптада Қазақстанның оңтүстігінде ауа температурасы 40 градусқа дейін көтеріледі деп отыр мамандар. Осыған байланысты дәрігерлер күн астында мүмкіндігінше көп жүрмеген дұрыс дейді.

– Гипертония ауруы бар адамдардың, қарттардың және балалардың абай болғаны абзал, – дейді жалпы тәжірибелік дәрігер Арина Кирдяйкина.

Ересектерде жоғары температураның әсерінен қан қысымы көтеріледі, инсульт алып қалу қаупі артады, ойын баласының басынан күн өтіп, жағдайы қиындауы мүмкін. Күннің қатты ыстығынан бас ауырып, жүрек айнып, құсуы, тіпті, адамның құлап қалуы да ғажап емес. Сондықтан қатты ыстық күндері сағат 12.00-ден 17.00-ге дейін сыртқа шығудан, серуендеуден бас тартқан дұрыс. Аптап ыстықта міндетті түрде жаздық бас киім киіп, қолшатыр ұстаған жөн. Сондай-ақ, сұйықтықты көбірек ішу керек. Сусынның бөлме температурасымен бірдей болғаны жақсы.

Ал суық сусын шөлді қандырмайды және ол ангина тудыруы мүмкін. Дені сау адамдардың бір тәулікте тұтынатын суының көлемі 3 литрден аспауға тиіс, ал қалғандарында 2 литрден аспағаны жөн. Ауыр дене жұмыстарын да шектеген дұрыс. Жиі-жиі душ қабылдау керек.

Нұржамал ӘЛІШЕВА.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСҚАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
күәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.

Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.

Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.

Балалар
жылы
2022Ойын ойнаған
баланың ойы
өседіРая
ЕСКЕНДІР

Жаңа Қазақстан зерделі де зерек, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған жас ұрпаққа сенім артып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тұтас бір жылды балаларға арнауы да сол сенімнен туындаса керек. Әрине, бала туралы сөз қозғағанда отбасы рөлінің зор екені айқын аңғарылады.

Сонымен қатар, патриоттық тәрбиенің алғашқы дәні мектепке дейінгі мекемелерде егіледі. Оның үстіне баланың денсаулығының мықты болып, дене құрылысының дұрыс жетілуі де мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Жалпы, баланың жан-жақты дамуы үшін, әсіресе, ұлттық ойындардың алар орны ерекше. Өйткені, ұлттық ойындардың өзі түрлі жаттығулардан тұрады.

Ұлттық ойындардың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуде пайдасының зор екенін бұл саланың майын ішкен мамандардың зерттеулері де нақтылай түсуде. Ұлттық ойындардың бала өміріндегі орны туралы кезінде В.А.Сухомлинский «Ойын – дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы бала рухани сезімін жастық шақ өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған дүниеге туралы түсінік алады» деген екен.

Жалпы, ойын ойнап өскен баланың ойлы, ұшқыр қиялды, денсаулығы мықты, сергек, сезімтал болып өсуі тегін болмаса керек. Өйткені, ұлттық ойындар көбіне әр ұлттың өзіндік табиғатына жақын болып келеді. Біздің ұлттымыздың «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек – көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – көк сандық», «Ақ сүйек» сынды ойындары баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа баулиды. Балабақшаға келген баланың таңертеңгі қабылдау кезінен кешке үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойы тәрбие түрлерімен бірге жүргізіледі. Сондықтан да бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді.

Ең бастысы, ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана-сезіміне құйып, көз алдына көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туыскандық пен бауырмалдыққа баулып, үлкенге – құрмет, кішіге – қамқорлық сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Бір ғажабы – ұлттық ойындардың барлығы да балалардың жан сұлулығы мен тән сұлулығын жан-жақты жетілдіруге бағытталған.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын баламен мәңгілік өмір сүреді. Баланың өмірін қозғалыссыз елестете алмайсыз.

Сондықтан ұлттық ойындар балалардың қозғалу белсенділігінің дамуы, олардың денсаулығының күшеюі үшін қолайлы жағдай жасайды. Сондықтан ойын – баланың өмірінің нәрі деп білеміз. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп бекер айтпаса керек. Өйткені, ойын баланың өмірінде ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері сияқты қасиеттері осы ойын үстінде қалыптасады. Демек, дер кезінде ойынды көп ойнап, таза ауада жүріп-тұру жас ағзаның дұрыс та сергек өсуінің нақты көзі. Сонымен қатар, бала біткен ойын ойнаған кезде көпшіл болуға, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бағыт алады. Олардың бойында көзге көрінбейтін осындай процесс жүреді.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс. Ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да мектепке дейінгі тәрбиеленушілерінің рухани өрісінің кең түрде өсіп-жетілуге, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ



АРМАНЫ АСҚАҚ ӨРЕНДЕР

Жуырда Алатау ауданының «Бақытты отбасы» орталығында тілші болуды армандайтын өрендер үшін «Журналист болғым келеді» деген курс ашылып, өз жұмысын бастап та кетті. Оған 10–15 жас аралығындағы балалар кірген. Курс жетекшісі Жанат Әйтенованың айтуынша, жеткіншектердің ынтасы аса жоғары, шетінен жаңалыққа құштар. Курсқа қатысу – тегін.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«СУЫР» АЙЫ БІТУГЕ ТАЯУ

Қырық күн шілде халық аузында «суыр» деп те аталады. Сұмырай сөзі суыр айы деген мағынаны білдіреді. «Сұмырай келсе су құриды» деген тәмсіл осыған саяды. Шіліңгір шілденің ең ыстық кезі осы уақытта орын алады

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қазір шілде айының соңғы онкүндігі. «Сарша» амалы басталды. Бүгін екінші күн. Қолданыстағы григориан күнтізбесі бойынша, жаз ортасынан ауды. Жасыл желек жамылған аймақ сарғыш түске ене бастады. Ауа райының күрт ысуы, аңызақ жел мен аптап ыстықтың толас таппауы бәрі осы амалдың әсерінен орын алып отырған көрініс.

«Үркер толғағы» амалы аяқталды. Жер құрғап, шөптің буыны қатып, сарғайды. Малға да, жанға да жайлы кез осы. Өткен пайымымызда бабалар болжамына сүйене отырып «Үркер толғағы» амалы бітер кезде жел тұрып, күн күркіреп, өткініш жаңбыр жауатынын айтқанбыз. Солай болды да.

Шілде айы бітуге жақындағанмен, «Шілде» амалының аяқталуына әлі 15 күн бар. Аптапты күндердің Алматыда да көрініс беруі ғажап емес. Өйткені, 40 күндік шілде нағыз ширығу шағына енді қадам басты. Ол алдағы тамыз айының 5-іне шығады.

Шілденің 20-жұлдызында Таразы (нарық) жұлдызы туып, таң суый бастайды. Қазақтар: «Таразыда таң суыйды» дейді. Демек, күйдіріп-жандырған шіліңгір шілденің аптабы тоқтайтын кез де алыс емес. Онан кейін Сүмбіле туады, су суыйды. Тамыз айы келеді. Бұл айды бұрынғылар Сүмбіле деп атаған. Бұлай аталуы жылылық азайып, салқындық белең ала бастайды дегенді білдірсе керек.

Қазір «Сарша» амалы жүріп жатыр. Айдың 25-іне дейін жалғасады. Амал кезінде «Шілде қауын» базарға салынады. Күн ысыды. Шілде айының тағы бір көне атауы – асад. Үркердің толғағы. Бұл – мал-жанға жайлы, үркер туатын шілденің ортасы.

Шілде айының үшінші он күнінде аптап



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылыстарына қарап жасалған жорамал:

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, қыс аязды болады.
- * Аңызақ ыстық – қыстағы қатты аяз.
- * Бұлт желге қарсы көшсе, жаңбыр жауады.
- * Ауа ыстық болса – келер желтоқсан суық болады.
- * Қымыздық бітік шықса – қыс жұмсақ болады.
- * Арша гүлдегенде шілде аяқталып, тамыз туады.

басталады. Жерді шық басқан «жылауық» күндер туады. Бабалар пайымы осылай дейді.

Бүгін григорианша, шілденің – 21-і, ай күнтізбесі бойынша, – 22-сі, ескі есепке сұ-

йенсек, шілденің – 8-і. Апта айдың басына және соңына дөп келіп тұр. Бұл көрініс алдағы аптада күн ыстық қалпын сақтай отырып, ысыған үстіне ыси беретінін аңғартқандай...